



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт

6+

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан

ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№49 (586)
5 желтоқсан,
2024 жыл



Ермұхамед
МӘУЛЕН:

МЕМЛЕКЕТ КӨМЕКТЕСПЕЙ, ҚАЗАҚСТАН ФУТБОЛЫ ЕШҚАШАН ДАМУМАЙДЫ

Футболдан Қазақстан ұлттық құрамасының қазіргі деңгейін спорт сүйер қалың қазақ жақсы білсе керек. Соңғы Ұлттар лигасындағы сәтсіздіктерді есептегенде «Б» лигасына дейін көтерілу жерлеріміз үшін үлкен жетістік. Ал ел чемпионатындағы командалардың қаржылық мәселесі мен келімсектерге берілетін ақша да осы күні өзекті болып отыр. Осы және өзге де сауалдарға жауап іздеп ел футболының дамуына еселі еңбек етіп жүрген спорт журналисі, белгілі спорт комментатор, Қазақстан футбол федерациясының баспасөз хатшысы Ермұхамед Мәуленмен арнайы сұхбат ұйымдастырдық.

7-бетте

ДӘРІ-ДӘРМЕК:

ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ МЕ, ӘЛДЕ ҚАУІП ПЕ?

Сырқат алқымыңнан алған кезде дертіңді жазу үшін үй сөрелерінде тұрған антибиотиктерді амалсыздан қолданамыз. Әрине, мұның айыбы жоқ. Алайда олардың кейбірі емдегенімен, енді бірі зиянды болуы мүмкін. Сондай-ақ дәріні қалай қабылдау ретін білмей, ағзаға ауыртпашылық әкелетін медициналық препараттарды қолданып жүргендер жетерлік.

Қазақстанда рецептісіз босатылмайтын дәрілерді қолдану қатаң реттеледі. Өйткені мұндай препараттарды дұрыс пайдаланбаудың соңы күтпеген нәтижелерге әкелуі мүмкін. Арнайы медициналық өнімдердің сатылу процесін реттейтін заң да қарастырылған. Оны «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» заңнамасы қамтиды.

Бүгінде заңсыз сатылатын дәрілер бар. Кейбірі интернет-дүкен арқылы да дәріге қол жеткізіп жүр екен. Ал оның заңдылығына кім кепіл?



3-бетте

Нұрдәулет Баймахан:

ТЕАТРДА ЖҮРІП, ӨЗІМДІ ТАПТЫМ

Рухани байлық жұтпау үшін театрдың маңызы зор. Өйткені өнер мешітіндегі өмір сахнасының ұғындырары көп. Ішкі дүниедегі арпалысты ілкіп алып, көз алдына әкелгенде көпшіліктің іркіліп, таңқалатыны да содан. Бұл – театрға тиіп-қашып емес, ұлы өнерді өн бойымен сезініп келген әртістердің шеберлігі. Мәдениет ошағына келгеніне 4 жыл енді болса да, табандап қызмет етіп, бағын сынап жүрген жас – Нұрдәулет Баймахан. Бүгінде ол облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық драма театрының және Қызылорда қалалық «Жастар» театрының әртісі. Сұхбаттасудың сәті түскен соң, қарап қалмадық.

5-бетте



ЖАҚСЫЛЫҚҚА ЖОЛ САЛҒАН

ЕРІКТІЛЕР

Қазақы тәрбие арқылы ұрпақтың санасына сіңетін жомарттық қазір әлем елдерінде жоғары бағаланады. Яғни жақсылыққа ұмтылған жүрегі кең жандарды бүгінде еріктілер деп атаймыз. Олар уақытын, күшін, тіпті кейде ортақ игілік үшін қолындағы барын жұмсайтын жасампаз адамдар. Біреудің күмәнмен қараған жерінде еріктілер үміт сәулесін жағады. Табиғат апаттарының ортасында тірек, жалғыз қалған жандарға сүйеу, қоғамға өзгеріс әкелетін негізгі күш. Өміріміздегі осы қаһармандарды танып, олардың еңбегін бағалау – ортақ міндет.

5 ЖЕЛТОҚСАН –
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕРІКТІЛЕР КҮНІ

БҰҰ бұл қозғалысқа ерекше көңіл бөліп, волонтерлардың мүддесін қорғау үшін түрлі шараларды қолға алған. Мәселен, 1985 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы жыл сайын 5 желтоқсанда экономикалық және әлеуметтік даму үшін халықаралық еріктілер күнін атап өтуді ұсынып, ресми бекітті. «Еріктілік – әлем бойынша әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелерді шешуге арналған үлкен, жаңартылатын ресурс. Түрлі қиындыққа кезіккенде волонтерлар көмекке жиі бірінші болып келеді» делінген БҰҰ сайтында.

2-бетте



Қалай ойлайсыз, өнер мен бизнес, технология мен мәдениет бір-бірімен тоғысқанда не пайда болады? Бұл – креативті индустрияның негізі. Заманауи әлемде идеяны құнды ресурс деп есептесек, оны жүзеге асыру қоғамды өзгертетін, экономиканы алға сүйрейтін күшке айналады. Қазірдің өзінде креативті индустрия миллиондаған адамды шабыттандырып, миллиардтаған табыс әкеліп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашып отыр.

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ — ДАМУДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ



Өткен жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында әрбір облыс орталығында және ірі қалаларда креативті индустрия орталықтарын құру қажет екенін айтты. Содан бастап елімізде бұл саланың дамуына айрықша мән берілуде.

Біз бен сізге жаңа ұғым болғанымен, «креативті индустрия» сөзі 2000 жылдары пайда болған. Қай уақытта қолданысқа енсе де, қазір маңызы зор екені сөзсіз. Ал өңірдегі «креативте» нендей жаңалық бар?

4-бетте

Басы 1-бетте

ЖАҚСЫЛЫҚҚА ЖОЛ САЛҒАН ЕРІКТІЛЕР

2016 жылы Қазақстанда волонтерлік қызметтің тұрақты және жүйелі дамуына жол ашатын волонтерлік заң қабылданды. Ал 2019 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылды «Еріктілер жылы» деп жариялап, елге волонтерлік қызмет қажет екенін айрықша атап өткен еді. Мұнан бөлек ТМД елдерінде «Волонтерлік қозғалыс» жылын белгілеу мәселесі қарастырылуда.

Мемлекеттік органдар жыл сайын еріктілер қауымдастығымен бірлесіп 50-ден астам жобаны жүзеге асырып, бастамаларды іске асыру үшін 240 шағын грант береді. Осындай қарқынды жұмыстың нәтижесі де қуантады. Мәселен, 2019 жылы волонтерлік ұйымдардың саны 50-ден астам болса, былтыр 680-ге жетті. Ал волонтердің саны 50 мыңнан 200 мыңға артқан. Бүгінде республика бойынша 240 мыңнан астам белсенді волонтер мен 740 еріктілер ұйымы жұмыс істеп келеді. Жаһандық көрсеткіш бойынша 970 миллион волонтер болса, оның ішінде әрбір сегізінші қазақстандық еріктілер қатарын толықтырады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев волонтерлердің қызметіне үлкен көңіл бөліп келеді. Әсіресе осы саладағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға баса назар аударады. Бүгін Қазақстан мен Ресейдегі волонтерлер қозғалысы шығармашылық күшке айналып, мейірімді азаматтардың жұдырықтай жұмылуының жарқын үлгісіне, халықтар арасындағы байланыстарды нығайтатын, маңызды әлеуметтік мәселелерді шешуге ықпал ететін қозғалысқа айналды деп сеніммен айта аламыз, – деген еді ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева жақында өткен еріктілер слетінде.

Ал қазан айының басында Астанада жастар кеңесі аясында өткен волонтерлер слетіне Қырғызстан, Ресей, Шри-Ланка, Қытай, Өзбекстан, Әзірбайжан, Иран, Тайланд, Тәжікстан секілді 21 елден 450-ден аса делегат арнайы келді. Екі күндік жиынның маңызы да зор. Себебі негізгі басқосудан бөлек, панельдік сессиялар да ұйымдастырылып, шетелдік спикерлердің қатысуымен «Әлеуметтік және инклюзивті волонтерлік», «Зияткерлік волонтерлік: инновациялық тәсілдер және халықаралық тәжірибе», «Төтенше жағдайлардағы волонтерлік қызмет», «Еріктілердің экологиялық проблемаларды шешуге қосқан үлесі» және «Денсаулық сақтау саласындағы волонтерлердің рөлі» тақырыбы қозғалды.



Қос ұғым: асар мен еріктілік

Ықпалым заманға көз тастасақ, көмегі үшін ақша сұрамайтындардың бастауында Жан Анри Дюнан тұр. Ол 1859 жылы науқастарға тегін көмектесуге дайын жандарды жинап ұйым құрған. Мұқтаждарға жәрдем жасаған. Яғни еріктілердің негізгі жұмысы осы кезеңде басталды деуге негіз бар. «Жалғыздың үні, жаяудың шаңы шықпайды» демекші, волонтерлікті біздегі «Асармен» теңестіруге болатын секілді. Себебі жанаһар туыстарың бас қосып, көмекке келеді. Әлқиссада тілге тиек еткендей, көмек қолын созу әр қазақтың бойында бар, ешкім тартып ала алмайтын қасиет.

Жалғастырсақ, 2018 жылы «Qazvolunteer.kz» платформасы іске қосылды. Бұл арқылы еліміздегі кез келген адам еріктілер қозғалысының қатысушысы болып, пайдалы іске өз үлесін қоса алады. Сонымен қатар қазақстандық волонтерлардың ел аралап, әлемдік дәрежеде игі істердің куәгері болып жүргені көз қуантады. «Жетісу мейірімі», «Academy of Kindness», «JasStar», «Qadam», «Qanab», «Ұлттық волонтерлік желі» ОЮЛ, «Қазақстандағы Қызылжарты ай», «БҰҰ-ның Қазақстандағы волонтерлік бағдарламасы» секілді елімізде бірнеше еріктілер ұйымы бар.

Солардың бірі «Ой бренд» қоры өкілдерімен байланысқа шықтық. Қордың негізгі мақсаты – мемлекеттік жастар саясатын іске асыру және волонтерлік саланы дамыту. Қор өкілдері жыл сайын түрлі бағыттағы 100-ден астам іс-шара ұйымдастырып келеді. Оның ішінде жастарға бейресми білім беру, профориентациялық кеңес ұсыну, жастарды волонтерлікке ұдайы тарту жұмыстары бар.

«Ой бренд» қоғамдық қоры Тәуелсіздік жылдарында жетістікке жеткен жастардың табысты өкілдерін ілгерілету бойынша ұйымдастырылған «Fenomen jas» жобасы аясында «Uly dala sarınu» сыйлығының «Үздік жастар ұйымы – 2024» номинациясы бойынша жеңімпазы атанды. Қордың жоба басшысы Нұрасыл Бекматов «Игі істер марафоны – 2024» байқауының «Инклюзия» бағыты бойынша үздіктер қатарына қосылды. 2022-2023 жылдардағы «Birgemiz: Sauluq» жалпыұлттық жобасының Қызылорда облысы бойынша координаторы қызметін үздік атқарғаны үшін «Үздік координатор» номинациясын жеңіп алды. Сонымен қатар сәуір айында болған су тасқыны кезінде қор өкілдері әр өңірден гуманитарлық көмектерді жинауға көмектескен.

– Волонтерлік саланың ауқымы кеңейіп, дамығанын бағыттары нақты айқындалған. Қор түрлі бағытта жұмыс істейді. Негізгі басымдық – еріктілік. Волонтерлерді оқыту, оларға арналған кешенді бағдарламалар мен жобалар әзірлеу «Birgemiz» бағыттарын дамытатын негізгі құрал. Қор өз қызметін Қызылорда, Қарағанды, Жетісу, Атырау облыстары мен Астана қаласында белсенді жүргізіп келеді. Ұжым үшін биыл тартысты да табысты жыл болды. 2025 жылы атқарылатын жұмыстардың ауқымы кең, – дейді қор өкілдері.

Иә, волонтерлер жүректері мейірімге толы, жақсылық жасаудан жалықпайтын жандар. Өзгелерге үлгі болып, көмек қолын созудың маңызын көрсетуде. «Ақмешіт жастары» редакциясының ұжымы жақсылыққа жол салған еріктілерді мерекемен құттықтайды!

Әлия ТӘЖІБАЙ

ЖАСТАР

жаңалықтары

«Сыр лигасы»



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттер сарайында мектеп оқушылары арасында облыс әкімінің жұлдісіне арналған «Сыр лигасы» жобасы аясында жайдарман ойындары өз мәресіне жетті. Жанды қалыптатқан жайдарман ойындарының нәтижесінде I орынды қалалық «Жалғыз емесің!» командасы еншілессе, II орынды Сырдария аудандық «Юфрейм құрамасы», III орынды Жалағаш ауданынан «Дәуімбай құрамасы» иемденді.

Мобилографтар марапатталды

Халық жазушысы, қаламгер, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әбдіжәміл Кәрімұлы Нұрпейісовтің 100 жылдық мерейтойына орай «Жас Арал өрендері» қоғамдық бірлестігінің қолдауымен ұйымдастырылған байқау өз мәресіне жетіп, жеңімпаздар марапатталды. Нәтижесінде жұлділі I орынды Арал қаласының тумасы Нұрперзент Әлімжан қанжығасына байлады. Ал II орынды Арал көпсалалы колледжінің 2 курс студенті Мақсат Қасымов еншілессе, III орынға №220 орта мектебінің 10-сынып оқушысы Гүлбақыт Іздібай лайық деп танылды.

Жеңімпаздарға ақшалай сыйлықтар табысталап, еңбегі лайықты бағаланды.

Нашақорлыққа қарсы акция

Аудандық әкімдік пен аудандық прокуратурасымен бірлескен «Нашақорлыққа қарсы бір айлық акция» аясында спорттық жарыстар ұйымдастырылуда.

Ауданда өтіп жатқан акция аясында жасөспірімдер арасында Қазалы спорт клубы ғимаратында баскетболдан аудандық жарыс өтті. Нәтижесінде жұлділі I-орынды №216 мектеп командасы жеңіп алса, 2-орынға №226 мектеп-гимназия командасы, ал 3-орынға №266 мектеп-лицей командасы тұрақтады.

Іс-шараның басты мақсаты – салауатты өмір мен салтын ұстану, қоғамда есірткіге, құқық бұзушылыққа қарсы тұрудың маңыздылығын көрсету.

Колледж студенттерімен кездесу

Аудандық полиция бөлімінің ұйымдастыруымен Қармақшы аудандық аграрлы техникалық колледжінің ғимаратында құқық бұзушылықтың және жат діни ағымның алдын алу мақсатында колледж студенттерімен кездесу өткізілді.

Кездесуге Қармақшы аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері Қ.Еспанов пен С.Шүкіров, аудандық қоғамдық даму бөлімінің теолог маманы Р.Бахытжан қатысты.

Кездесу барысында студенттерге құқық бұзушылықтың және жат діни ағымның зияндары мен зардаптары турасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Кездесу соңында студент жастар сала мамандарына сұрақтар қойып, ойларымен бөлісті.

«Маусымашар – 2025»

Аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен аудандық Жайдарман лигасының «Маусымашар – 2025» ойыны өтті.

Жастардың біліктілігі мен білімділігін, тапқырлығын арттырып, өмірге деген позитивті көзқарастарын ұлғайтып, жаңашылдыққа тәрбиелеу мақсатында өткен ойынға аудан мектептерінен құралған 17 команда қатысты.

Биылғы маусымда жаңашылдық көп көрініс тауып, жаңа қосылған жас командалардың әзілі көптің көңілінен шықты. Барлық ойыншылардың жаңа маусымға құлшыныстары бірден көрінді. Командалар өздерінің дайындықтарымен қуанып, әзілдерін жақсы жеткізе білді. Сахнада өзін ұстау мен актерлік шеберліктері, киім үлгілері де талапқа сай болды. Маусымашар ойыны өте қызықты өтіп, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Сонымен қатар ойында Теренөзек ауданының «Аристократ» құрамасы қонақта болып, өз өнерлерін көрсетті.

Барлық командаларға 1/8 ойынына жолдама беріліп, аудандық жастар ресурстық орталығы директорының «Алғыс хаты» табысталды.

«Жыл үздігі – 2024»

Аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен әр салада жемісті еңбек еткен, сан саланың қыр-сырын меңгерген жас азаматтарға «Жыл үздігі – 2024» номинациясын тапсыру салтанатты кеші өтті.

Шараға аудан әкімі Берік Сәрменбаев, облыстық мәслихат депутаты Жұмабек Емберженов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұса Келдібаев, кент және ауылдық округтердегі жастармен жұмыс жасайтын мамандар, белсенді жастар, еріктілер, сала мамандары және БАҚ өкілдері қатысты.

Мерекелік жиында сөз алған аудан әкімі жастарды табысты болған жыл жетістіктерімен құттықтай келе, ауданда атқарылған жұмыстар мен жетістіктерге кеңінен тоқталды.

Шара барысында әр сала бойынша жыл үздіктері анықталып, аудан әкімінің құттықтау хаты және статуетка табысталап, құрмет көрсетілді.

Салтанатты жиын әрі қарай мерекелік ойындармен, аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жастар кешіне ұласты.

Жастар арасындағы турнир

Аудандық қоғамдық даму бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» және Шиелі ауданы бойынша этносаралық қатынастар жөніндегі сарапшысының ұйымдастыруымен кіші футболдан турнир ұйымдастырылды. Футболға этнос өкілдері және ерікті жастардан құралған 7 команда қатысып, тартысты ойын көрсетті. Турнир қорытындысы бойынша I орынды «Еңбекші» командасы еншілессе, II орынды «Бестам 2» командасы, III орынды «Алмалы» командасы иеленді.

Сонымен қатар «Үздік ойыншы» бағамымен «Шиелі Юнайтет» командасынан Мұхаммедәлі Садуақасов, «Үздік шабуылшы» номинациясымен «Еңбекші» командасынан Азамат Байдүйісен, «Үздік қақпашы» номинациясымен «Телікөл» командасынан Нұрлан Сайн марапатталды.

Отанды қорғау – әр азаматтың борышы

Аудандық қоғамдық даму бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ мен аудандық қорғаныс істер бөлімінің ұйымдастыруымен әскерге шығарып салу рәсімі өтті.

Шарада аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы Н.Есеналиев, Жанақорған ауданы әкімі аппаратының жұмылдыру дайындығы, аумақтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың алдын алу бөлімінің маманы Н.Бердібеков жастарға ыстық ықпалын білдірсе, аудандық Құм сахаба мешітінің бас имамы Е.Сейтжаппаров құран оқып, жастарға батасын берді.

Әскерге аттанғалы тұрған жастар өздерінің Отан алдындағы азаматтық борышын абыроймен атқаруға дайын екендігін жеткізді. Болашақ сарбаздарға ақ жол тілеп, жастар ресурстық орталығының атынан естелік сыйлықтар табысталды.

«АЖ» ақпарат

Халықаралық еріктілер мектебінің түлегі, Нұрасыл ЖАСҰЛАНҰЛЫ:



Құрметті еріктілер мен волонтерлік ұйым өкілдері! Сіздерді 5 желтоқсан – Халықаралық еріктілер күнімен құттықтаймын! Бұл мереке сіздердің қоғамның ортақ мүддесі үшін жасап жатқан игі істеріңізді ерекше атап өтетін күн.

Қазақстандағы еріктілердің еңбегі әрдайым ерекше құрметке лайық. Сіздер өз уақыттарыңызды, күш-жігерлеріңізді аямай, қоғамның түрлі салаларында аянбай қызмет етіп келесіздер. Әсіресе пандемия кезінде денсаулық сақтау саласында, табиғи апаттар мен төтенше жағдайлар орын алғанда көмек көрсетуде, экологиялық мәселелерді шешуде және біршама әлеуметтік жобаны жүзеге асыруда сіздердің үлестеріңіз зор.

Облысымызда волонтерлік қарқынды дамуда. Өңірлік еріктілер республикалық және халықаралық жобаларға белсенді қатысып, жыл сайын өтетін республикалық жазғы волонтерлер мектебі, халықаралық «Жыл волонтері» сыйлығы мен «Игі істер» марафоны секілді ауқымды жобаларда үздік нәтиже көрсетіп келеді. Біздің еріктілердің мейірімділігі, жауапкершілігі және ынтымақтастығының арқасында көптеген адамның өмірі жақсарып, қоғамның бірлігі артауда. Бүгінгі мереке күні сіздерге алғыс айтып, игі істеріңіз жалғасын таба берсін дегім келеді!

«Enactus» ұйымының төрағасы, Ғұбайдулла ОРЫНБЕКОВ:



Еріктілік – қоғамдағы маңызды мәселелерді шешудің тиімді құралы. Волонтерлік қозғалыс арқылы қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді азайтып, адамдар арасында бірлік пен сенімді нығайтуға болады. Ең бастысы – қолдау көрсетіп, қиын жағдайға тап болған жандарға көмек береді.

Еріктіліктің тек көмек көрсетумен шектелмейтінін түсінген маңызды. Себебі ол жастардың тұлғалық дамуына, көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, жауапкершілік сезімін арттыруға да ықпал етеді. Волонтер болу – үлкен жауапкершілік және қоғамға пайдалы болудың керемет мүмкіндігі.

Егер сіз ерікті болғыңыз келсе, келесі кеңестерді ұстануға кеңес беремін. Өзіңізге жақын саланы тауып, сол бағытта жұмыс істеміз. Уақытты тиімді басқаруды үйреніңіз. Еріктілік тек жеке еңбек емес, ол ұжымдық күш. Сондықтан командамен жұмыс істеуге дайын болыңыз. Көмек көрсетуден қуаныш табыңыз. Еріктілік сізді рухани байытып, өміріңізге ерекше мән береді.

5 желтоқсан – Халықаралық еріктілер күні. Барлық волонтерді мерекемен құттықтаймын! Сіздердің еңбектеріңіз қоғамдағы оң өзгерістерге жол ашуда. Жасаған істеріңіз қайырымдылық пен жақсылықтың нағыз үлгісі.

ДӘРІ-ДӘРМЕК: Денсаулық кепілі ме, әлде қауіп пе?

Басы 1-бетте



«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінің 233-бабы 4 тармағына сәйкес, дәрігердің рецепті бойынша босатуға арналған дәрілік заттарды рецептісіз өткізуге тыйым салынады. Рецептілер қағаз және (немесе) электрондық түрлерде жазып беріледі. Дәрілік заттарды рецептісіз сатқаны үшін ӘҚБтК-нің 426-бабының 1-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілік көзделген. Осылайша, 2024 жылдың қазан айына дейін дәрі-дәрмектерді рецептісіз сатқаны үшін 18,5 млн теңгеден астам сомаға әкімшілік хаттамалар жасалынды, – дейді Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті төрағасының міндетін атқарушы Алмагүл Кенжеханова.

Байқасақ, көптеген ата-ана, жастар ауруды басу үшін антибиотиктерді қабылдауға дағдыланып қалған. Алайда оның жас организмге қалай әсер ететінінен бейхабар.

Антибиотиктер – бактериялық инфекцияларды емдеуге арналған дәрілер, алайда оларды дұрыс қолданбаған жағдайда, ағзаға ауыр зардаптар әкелуі мүмкін. Мамандардың айтуынша, антибиотиктердің рецептісіз сатылуы және дұрыс қолданылмауы, микробтардың дәріге төзімділігін арттырады. Яғни ағза үйренісіп қалса, керекті «қорғаныш жүйесін» құра алмайды. Ал бұл өз ретінде инфекцияларды емдеу барысында қиындық туғызады.

Ғалымдар 2050 жылға таяу 40 миллионға жуық адам аталған дәріден зардап шегуі мүмкін деп дабыл қағуда. Министрлік былтырдан

бастап 2027 жылға дейін медициналық өнімдердің сатылымын реттеу үшін арнайы бағдарлама бекіткен. Заң аясында емдік құралды дәрігер рұқсатынсыз сатуға болмайды.

Гормональды препараттар – эндокриндік жүйенің бұзылыстарын емдеуге арналған. Бірақ оларды бақылаусыз қабылдау гормондардың табиғи тепе-теңдігін бұзып, ауыр жанама әсерге әкелуі мүмкін. Осы орайда көзге көрінетін жағымсыз нәтижелерін атап өтейік. Мәселен, артық салмақ, тері қабатының бұзылуынан (безуе) орын алуы ықтимал.

Седативті дәрілер – психикалық ауытқуларды, ұйқысыздықты емдеу барысында қолданылады. Олардың бақылаусыз пайдаланылуы психологиялық тәуелділікті тудырады. Қатаң түрде дәрігердің нұсқаулығымен қолданысқа берілуі тиіс медициналық өнімдердің бірі. Сондай-ақ ауырсынуды басатын дәрілер де дәрігердің рецептімен ғана беріледі. Олардың әсері тез және күшті, бірақ шамадан тыс қолдануға болмайды.

Сондықтан рецептісіз босатылмайтын емдік препараттарды тек дәрігердің кенесімен ғана қабылдаған жөн. Өз бетімен емделу ауыр зардаптарға әкеп соғады. Аурудың алдын алу үшін кәсіби медициналық көмекке жүгіну қажет. Осы орайда дәрігерлер де немқұрайлылық танытпай, дертті оңтайлы емдеудің жолын көрсетсе игі.

– Емдік препарат қандай да бір ауру мен сырқаттанып жатқан науқастарға ауру жағдайына қарай тағайындалады. Дәрігердің нұсқауынсыз, рецептісіз дәрілер сұрайтқындар, әрине, бар. Бірақ кез келген дәріні сатуға болмайды. Себебі рецептісіз босатылатын және

босатылмайтын емдік өнімдер болады.

Антибиотик жиі қабылдау ағзамызға зиян. Кемі 6 айда бір қолдану керек. Жалпы антибиотикті ем ретінде қабылдаған кезде, міндетті түрде пробиотиктерді де ішу керек. Себебі антибактериалды ем ішек микрофлорасын зақымдайды. Суық тию симптомдары байқалған уақытта, асқынбай тұрып вирусқа қарсы препараттар қолданған жөн. Құрамдары бірдей антибиотиктерді бірге қолданбау қажет, сондай-ақ емдік препаратты қабылдау арасы кемі 30 минут болуы тиіс. Жалпы антибиотиктерді аса қажет болмаса қабылдамаған жөн. Олар ішек микрофлорасын айтарлықтай бұзады. Біздің иммунитетіміздің 70%-ы сол ішектерімізде болғандықтан, антибиотик ішектерді зақымдайды және иммунитетті түсіреді, – дейді дәріханашы, медицина саласының маманы Тоғжан Жаңабаяв.

Әрине, ешкім ауырайын деп дәрі ішпейді. Оған зәру болып жатқандардың саны қанша? Алайда елімізде дәрі құны арзандап, оны өндіру үшін де біршама жұмыс атқарылуда. Өткен айда «СҚ-Фармация» ЖШС басқарма төрағасы Еркен Жақатаев Үкімет отырысында соңғы жылдары мемлекет азаматтарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету тізімін айтарлықтай кеңейткенін мәлімдеді. Оның айтуынша, Бірыңғай дистрибьютор арқылы сатып алынатын дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдардың көлемі 2010 жылмен салыстырғанда қаржылай тұрғыда 15 есе артқан.

Дәл қазір «СҚ-Фармация» еліміздегі 1200-ден астам стационар мен 700 емхананы дәрілік

заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етуде. Биыл «СҚ-Фармация» тізімінде 480 миллиард теңге сомасына 1588 фармацевтикалық атау енгізілген. Сондай-ақ 35 отандық өндірушімен 4 мыңға жуық дәрі-дәрмек пен медициналық қажетті заттарды жеткізу бойынша ұзақ мерзімді келісімшарттар жасалған.

– Біз Қазақстандық өндірушілермен ұзақ мерзімді келісімшарттар жасай отырып, отандық фармацевтикалық өндірісті дамытуды белсенді түрде қолдаймыз. Біздің медициналық мекемелерді өмірлік маңызды препараттармен және бұйымдармен қамтамасыз ету жөніндегі жүйелі жұмысымыз денсаулық сақтаудың тұрақты дамуына және еліміздің барлық азаматы үшін медициналық қызмет көрсету сапасын арттыруға ықпал ететініне сенімдіміз, – дейді Еркен Жақатаев.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген халық даналығы. Расымен, денсаулығымызға немқұрайлылық танытпасақ, оған ешқандай қауіп төнбейді. Салауатты өмір салтын ұстанып, шымыр болуға дағдыланғанымыз абзал.

Қорлан САРП

ДӘРІГЕРЛЕР ОТБАСЫ:

«БІЗГЕ АРТЫЛҒАН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ЖҮГІ АУЫР»



Медицина – ғаламдағы күрделі әрі жауапкершілігі қатар келетін маңызды сала. Үкілеген үмітті арқалаған ақ халатты жандар таң атқаннан кеш батқанға дейін адам өмірін ажалдан арашалап, талайдың жанына демеу болады. Осы сала арқылы бас қосып, бүгінде отбасы болып отырған медицина саласындағы жұптан сұхбат алуды ұйғардық. Дәрігерлікпен қатар, отбасы құндылығын бір арнаға тоғыстырып, өз борышын адалынан атқарып жүрген Бауыржан Қуанышбаев және Әлия Мырзабаевамен тілдесіп қайттық.

– Медицина саласының маманы болу қаншалықты жауапкершілікті қажет ететіні бәрімізге мәлім. Оның отбасылық өмірге әсері қандай? Кәсіби өмір мен жеке өмірді ұштастыру қиын болды ма?

Бауыржан Қуанышбаев: – Еңбек жолымда түрлі медицина орталықта қызмет атқардым. Бүгінде жоғары санаттағы дәрігер-хирургпын. 2008-2023 жылдар аралығында облыстық медицина орталығының хирургия бөлімінде қызмет еттім. Еңбек жолымды қарпайым дәрігер-хирург болып бастап, одан кейін бөлім меңгерушісі, жоспарлы хирургия бөлімінің меңгерушісі лауазымын атқардым. Уақыт өте келе облыстың штаттан тыс бас хирургы қызметіне дейін көтеріліп, 2023 жылдың тамыз айынан бастап Арал аудандық ауруханасында бас дәрігері ретінде еңбек етіп келемін.

Мамандықтың отбасылық өмірге әсер еткені рас. Өздеріңіз білетіндей, мен дәрігер-хирург болғандықтан, 24/7 кестесінде жұмыс атқарамын. Күн-түн демей, мейрам болса да, кез келген сәтте науқастың жанынан табыламыз. Отбасымызға осындай сәттерде кем көңіл бөліп қалатынымызды жасырмаймын. Кейде ағайын-туыстың басы қосылып,

той тоналақта отырған сәтте де көмегіміз керек жерге жүгіріп кетеміз. Физикалық тұрғыда кейде бұл мүмкін болмайды, себебі адам болған соң шаршайсың һәм жылдам өмір сүру біздің күнделікті рутинамызға айналып кеткен.

Кейде бірінші орынға жұмысты қойып, ал отбасыны екінші орынға ығыстыруға тура келеді. Бұл біреуге бұрыс көрінуі мүмкін, алайда бізге артылған жауапкершіліктің жүгі ауыр. Көпке топырақ шашпаймын, өзім осылай өмір сүрдім. Медицина – үнемі ізденісті талап етеді. Әрқаз да білімді жетілдіруге міндеттісің һәм қателікке бойалдыруға болмайды. Осы тұста мен де әріптестерім секілді өз жиған-терген білімім мен біліктілігімді арттырып отыруға тырысамын. Семинар-тренингтерге, ғылыми жиындарға қатысамын. Осы сала жолында білім үшін қаражатымды да аямадым. Отбасыға, бала тәрбиесіне жарым жауапты болды. Оған сенемін.

Әлия Мырзабаева: – Кәсіби өмір мен жеке өмірді бірге алып жүру маған қиынға соқпады. Себебі менің медицина саласында өрлеуімнің, белгілі бір жетістіктерге жетуімнің негізгі тірегі – менің енем мен жолдасым. Енем балаларым кішкентай кезінде менің жұмысбастылығыма түсінік танытып, оларға қарайласты. Жарым айтып өткендей, «медицина білімге тоймайды». Осы тұста мен оқимын дегенімде енем еш қарсылық білдірмеді. Біріге бала тәрбиесіне де, үй тіршілігіне де атсалысты.

– Күйзеліс – кез келген салада кездесетіні анық. Ал сіздер эмоциялық және психологиялық стрессті қалай жеңесіздер? Бір-бірлеріңізді қалай қолдайсыздар? Отбасылық кеңестеріңізбен бөліссеніздер.

Бауыржан Қуанышбаев: – Расында өте орынды сұрақ. Ең бірінші біз физикалық емес, интеллектуалды тұрғыда шаршаймыз.

Жеңіс тек бізді жағымызда болмайды. Мәселен, науқасынды емдеу

үшін бар білімің мен күш-жігеріңді жұмсайсың, алайда нәтижесіз болуы мүмкін, тіпті кейде айырылып та жатамыз. Бұл кез келген дәрігер үшін ауыр сынақ.

Осындай күйзеліске толы күні отбасым – менің шипам. Табалдырықтан күлімсіреп әйелім күтіп алады. Қас-қабағымды бағып, түсіністік танытады. Алдымнан жүгіріп балаларым шықса, шаршағаным басылады. Олар да менің жүрегіме дауа.

Менің жан жарым да өз міндетін мұлткісіз атқару үшін беріліп жұмыс істейтін адамдар қатарынан. Оның да зауқы болмай, шаршайтын күні аз емес. Сондай сәтте үй тіршілігін оған ғана қаратып қоймай, тамақ-шайын дайындап күтіп аламын, балалардың сабағын реттеуге көмектесемін. Демалыстарда отбасымызбен серуенге шығып, бір уақыт өзімізге көңіл бөлеміз.

Мұнда отбасыдағы түсіністік жақсы рөл атқарып тұр. Бұл да махаббатың бір түрі.

Әлия Мырзабаева: – Иә, расымен науқасына ем қонбаса құтың қашып, күйзеліске түсіп кетемін. «Қай жерден қателік кетті?» деген сұрақ мазалайды. Өзіңді қоярға жер таппайсың, өйткені бір адамның өмірі сенің қолыңда болады. Осындай сәтте ішімдегімен бөлісу үшін күйеуіммен сырласамын. Ол кісі де дәрігер болғандықтан ой қосып, кеңесімен бөліседі. Жылы-жылы сөйлеп, маған үлкен мотивация сыйлайды. Бұл мені күйзелістен шығарып, тіпті қанаттандырады.

– Бала тәрбиесі – отбасы болудағы маңызды аспектілердің бірі. Үйдігүлдіршіңдерге қаншалықты көңіл бөлесіздер? Бала тәрбиесінде кәсіби өмір қиындық тудырмай ма? Уақыт тапшылығымен қалай күресесіздер?

Бауыржан Қуанышбаев: – Еңбек жолымды енді ғана бастап жатқан сәттен бастап менің бірнеше ұстамым бар. Тұрғанбай Маханұлы, Абдулла Сыздықұлы, Нүридин Егембердіұлы, Вероника Антоновна, Бекет Тайшыбекұлы, Мылтықбай Сағынбекұлы есімді

үлкен ұстаздардың тәрбиесін алдым. Олардың барлығы «Біз балаларымыздың қалай өскенін білмей қалдық» деуші еді. Бұл дүние мені де айналып өтпеді, себебі балаларымның қалай ер жеткенін байқамай қалдым. Айтып өткенімдей, оқуда боламын деп, балаларымның қалайша тез өскенін аңқармадым. Жыл сайын оқуда жүрдім, арасында бейнеқоңыраумен сөйлесіп, видеоларын көріп тамсанушы едім.

Қазір үлкенім апталдай азамат болып өсті, 9 сыныпта оқиды. Одан кейін 13 жастағы қызым мен кішкентай ұлым 9 жаста. Отбасыма мүлде көңіл бөлмейді деп ойлап қалмаңыздар. Бос уақытында балаларымды көлігіме мінізіп, бірге уақыт өткіземіз. Өзге кездерде ақыл айтуға мұрша болмай жатады, осы сәтті қолданып оларға бар ақылымды айтып отырамын. Асыл қасиеттерді дарытуға тырысып, адамгершілікке дәріптейміз. Білімге көп көңіл бөлеміз.

Әлия Мырзабаева: – Балаға көңіл бөлмеу дәрігерлер арасында көп кездеседі. Отбасы тәрбиесіне көбіне енем көмектесті. Әрине, әкесі екеуіміз де шет қалмаймыз, әрқашан оларды қадағалап отырамыз. Дегенмен ата-әженің тәрбиесін алды десем де болады. Мен науқастарыма жұмсақ дәрігер болсам да, балаларым үшін «қатал ана» шығармын, себебі «құпияларын» әкелеріне айтқанды құп көреді.

– Әйел – бір қолымен бесік, екінші қолымен әлем тербеткен жан. Білуімізше, Әлия, сіз кардиолог дәрігерсіз. Яғни, адам органындағы ең маңызды мүшені – жүректі емдейсіз. Ал бұл қызмет сіздің жар, ана болуыңызға недей әсер етті. Отбасы мен кәсіби қызметіңіз үй тіршілігіне қалай әсер етті?

Әлия Мырзабаева: – Отау құрғанымызға 15 жылдың көлемі болды. Қиындықтардың болғаны рас, алайда бүгінде көп еңбектің арқасында оларды жеңе алдым деп ойлаймын. Отбасы мен жұмыс арасындағы компромиске жеттім. Жолдасым мені түсінеді. Мені тынықсыз деп ба-



лаларды алып серуенге шығады, үй тіршілігіне де көмектеседі. Осы әрекеті үшін оны бағалаймын. Іргесі берік отбасы болғанымызға жақындарымның осы қасиеттері әсер етті деп есептеймін, шүкір.

– Бауыржан, медицинадағы жас мамандарға кеңес беріңізші. Әсіресе олар отбасын құруға дайындалса не айтар едіңіз?

Бауыржан Қуанышбаев: – Таңдаған мамандығыңызды сүйіңіз. Біліктілігіңізді арттырып, осы саланы приоритетіңізге айналдырыңыз. Отбасы мен жұмысты қатар алу қиын болуы мүмкін, алайда жауапкершілікті ұмыт қалдырмаңыз. Жұмыс өз ретімен, ал адамгершілік қашан да мәртебелі. Үлкен аға-буын әріптестеріңізге құрмет көрсетіп, бұл салаға жанадан қадам жасағандарға қамқор бола біліңіз.

Ал отбасыға келетін болсақ, қызға ананың, ал ұлға әкенің берген тәлімі маңызды. Әрине, қарбалас өмірде отбасы құндылықтарын дәріптеуге уақыт жетпеуі мүмкін. Дегенмен ата-ана болудың жауапкершілігі жоғары. Ер баланы мәрт болуға, шынайылық танытуға баулу керек.


Тағы бір айта кететін жайт, қызмет бабында болған кез келген оқиға сол мекеменің қабырғасында қалуы тиіс. Сабыр мен түсіністік ұғымдарын ұштастыра білу керек. Бір-біріне қолдау болып, арадағы махаббаттың қадірін біліңіз дер едім...

– Сұхбат бергендеріңізге рақмет! Медицина саласында толағай табыстарға жете бергейсіздер!

Өңгімелескен
Нұршат НЫШАНОВА

Басы 1 бетте

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ – ДАМУДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ



Қызылорда облысында жалпы 3467 креативті индустрия субъектісі жұмыс істейді. Негізгі бағыттары – қолөнер мен сәндік-қолданбалы өнер. Жыл басында «Брендке бір қадам» креативті индустрия жобасы аясында «Этно Fashion» ұлттық сән үлгісі фестивалі өтіп, облыс бойынша 17 дизайнер-тігінші қатысқан еді. Аймақтағы әр қолөнер шебері екі түрлі киім үлгісін ұсынды. Ал ұлттық киімдер дефицитінде 100-ге жуық үлгі таныстырылды. Мұнан бөлек қыркүйекте креативті бизнес өкілдері арасындағы тәжірибе алмасу, нетворкингті және отандық брендті қолдауға бағытталған «Creative Orda» бизнес-клубы ашылды. Клуб аясында кәсіпкерлер үшін практикалық жұмыстар мен шеберлік сағаттар ұйымдастырылады. Біз атаған іс-шаралар облыстағы креативті индустрияны дамытуда ұйымдастырылған іс-шаралардың бір парасы ғана.

Жуырда «Анаға тағзым» орталығында «Brendke big qadam» республикалық форумы өтті. Жыныға ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Креативті индустриялар департаментінің басшысы Гүлісхан Нахбаева мен Түркістан, Алматы қалаларынан делегаттар арнайы қатысып, Сыр өңіріндегі креативті индустрия саласының дамуы мен жұмыс бағыты, креативті кәсіпкерлерді қолдау мақсатында іске асып жатқан жобалар, алдағы жоспарлар талқыланды.

Сонымен қатар «The One System» компаниясының негізін қалаушы Аслан Жұмабаев «Қаржылық сауаттылық: ақшаны жүйелі басқару» тақырыбында дәріс өтті. Ал Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жасанды интеллект институтының директоры Нұрлан Құлмырзаев «Креативті технология және жасанды интеллект» тақырыбын кеңінен таныстырып, тәжірибесімен бөлісті.

Іс-шара барысында қарашада басталған «Creative ideas» креативті идеялар конкурсының жеңімпаздары марапатталды. Кәсіпкерлердің тың идеясын іске асыруға бағытталған байқау нәтижесі бойынша инвесторлар үздік деп танылған 7 жобаны жүзеге асыруға қолдау көрсетеді. 50% көлеміндегі инвестициялық қаражатты «Тігін шеберханасы» бағыты бойынша Айман Абдиева, Айдын Аяпова, Элеонора Абитова, Мира Исабаева ұтса, «Бесік және қыз жасауы» бағытында Жанар Мұхтарқызы, «Принт-эксперті» бойынша Акерке Есенбекқызы, ал «Тоқыма тоқу» бағытында Жазира Турғанбек қаржылай қолдау иеленді.

Қорытындылай келе, креативті индустрия өңірлік дамудың стратегиялық бағыты ретінде қоғам мен экономиканы жаңа деңгейге көтере алатын сала ретінде қарастырылуда. Ал индустрияда өзіндік қолтаңба қалдыруды қалайтын кәсіпкерлердің көбейгені, әрине, жақсы прогресс.

«Ерекше бол, қазақы нақышта бол» ұранымен 2019 жылы кәсібін бастаған жерлесіміз Айман Абдиеваның сән үйі туралы естүіміз бар. «Creative ideas» креативті идеялар конкурсында бақ сынап, өткен аптада «Тігін шеберханасы» бизнес жобасына 50% көлемінде инвестициялық қаражат жеңді. Аймақтағы креативті индустрияның дамуына өзіндік үлес қосып жүрген кәсіпкермен «Aiman Abdi Qazaq Brend» жөнінде азды-көп әңгіме өрбіттік.

ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ БРЕНДІ



Әуелде Айман Ғалымбекқызын жеңісімен құттықтап, байқау туралы сұрадық. Оның айтуынша, «Creative ideas» үлкен тәжірибе болған.

– Кәсіп жолындағы біліктілігімді арттыруда бұл конкурстың орны ерекше. Алғаш рет инвестор алдында жоба қорғап, саудамызды арттыратын DTF принтер мен термопрес сатып алу үшін демеушілікке қол жеткіздік. Ендігі кезекте тек тойларға емес, күнделікті өмірге киюге ыңғайлы қазақы элементі бар, заманауи қазақы колоритпен жаңа өнім жасау жоспарда бар, – деді ол.

Сән үйінде 6 адам жұмыс істейді. Ұжымда тігіншілер, сатушы, кәсіби мобилограф пен SMM маманы бар. Бұрын күніне 1-2 өнім әзірлесе, қазір бұл көрсеткіш үлгілі.

– Әр қазақтың жүрегінде салт-дәстүр мен ұлттық құндылыққа деген ерекше махаббат бар. Бұл ретте «Aiman Abdi Qazaq Brend» қазақы нақыштағы заманауи киім үлгілерін ұсынады. Алғашқыда 3-4 дана қамзолдан бастадық. Жұмысқа арналған 1 ғана тігін машинасы болды. Ал бүгінде ұжымымыз кеңейіп, 6-7 дана киім үлгісін тігіп, сатылымға да, тапсырыс қабылдауға да үлгереміз. Бізде тұсаукесер рәсіміне арналған киім үлгілері бар. Сонымен қатар сүндет тойға арналған және отбасылық киім де көп.

Ал сұранысқа келсек, 2020 жылы пандемия басталғанда «Instagram» парақшаны кәсіби түрде дамытып, тек Қызылорда емес, Қазақстанның ауыл аймақтарын қамтуға қолға алдық. Сол кезеңде АҚШ, Ресей, Әзірбайжан, Италия елдеріндегі қандастарымыздың да отандық өнімге қолдау көрсеткені қуантты, – деп бөлісті кәсіпкер.

Әңгіме барысы жас кәсіпкерлерге де арналып, аймақтағы креативті индустрияның маңызымен түйінделді.

– Бүгінде кәсіпке бет бұрып, жаңа белес бағындыруға дайын, көзінде «от», дамуға құлшынысы бар жас көп. Идеясын жүзеге асыруды қалап, түрлі курсқа қатысып, байқауда бақ сынап жүрген таланттарды білемін. Оларға қарап шабыттанымын. Ал айтар кеңесім – еңбек, еңбек және еңбек. Таза маңдай термен еңбек студент жалықпау қажет. Бастысы өзі өндіретін өнімге деген махаббаттың күшімен үлкен белестерді бағындыруға болатыны сенім арту керек.

Ал креативті индустрияның болашағы зор. Интеллектің дамуына, креативті, ерекше дүниелердің көбейетініне сенемін, – деп қорытындылады Айман Абдиева.

ЖАС КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ КӨРСЕТКІШІ ҚУАНТАДЫ

Өткен аптаның еншісінде Достық үйінде «Кәсіпкерлікті дамыту – қуатты экономиканың негізі» тақырыбында өткен семинар бар. Кәсіпкерлер мен жастар қатысқан іс-шараның ашылу салтанатында қала әкімінің орынбасары Пакуатдин Шамұратов шағын және орта бизнес үшін Үкімет тарапынан және облыс деңгейінде жүзеге асырылып жатқан қолдау шараларына тоқталды.

– Биыл облыс орталығындағы жеке кәсіпкерліктің 1409 жобасы барлық қаржы көздерінен 30 миллиард теңгеге қаржыландырылды. Нәтижесінде қала кәсіпкерінің саны 33 мыңнан, ондағы жұмыспен қамтылған адам саны 65 мыңнан асты. Шағын және орта кәсіпкерлікпен 300 миллиард теңгеге өнім өндірілді, – деді Пакуатдин Сражадинұлы.



Биылға жоспарланған 273 миллиард теңгеге жуық инвестицияның 224 миллиард 500 миллион теңгесі қалаға тартылған. Шаһардың бюджеті 110 миллиард 800 миллион теңгеге жетіп, өсім 90,4 пайызды құрады.

Қала әкімі орынбасарының айтуынша, инклюзивті орта қалыптастыру және мүмкіндігі шектеулі жандардың тұрмыс сапасын жақсарту ісінде түрлі бастамаларды жүзеге асырып жүрген 29 әлеуметтік кәсіпкерге де қолдау шаралары көрсетілуде.

Ал семинардың бірінші кезеңінде жергілікті кәсіпкерлердің өнімдері қойылған көрме таныстырылып, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан бірқатар кәсіп иесі қала әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Жыны барысында «Халық» қайырымдылық қорының Алматы облысы бойынша филиалының жоба менеджері Шыма Ербол, «The One System» компаниясының негізін қалаушы Аслан Жұмабаев, «NP-Consulting» ЖШС директоры Ғалым Прекешев, «Қарыссыз қоғам» жобасының қаржы сарапшысы Балдырған Мәмен мен ҚР АШМ Қаржылық құралдар және микрокредит беру департаментінің бас сарапшысы Сұңғат Серікбайұлы бизнесті ойлау психологиясы, жүйелеу әдістері секілді түрлі тақырыпта сөз қозғады.

Кәсіпкерлік бағытта сөз қозғағанда жастардың да үлесін тілге тиек еткен жөн. Қазандағы жағдайды ескерсек, аймақта шағын және орта кәсіп бойынша 69015 субъекті тіркелген. Оның 30 061-і, яғни 43,5%-ын жас кәсіпкер құрайды. 6 айдың қорытындысымен мемлекеттік қаржылық қолдау бағдарламасы аясында бюджеттен жыл басынан бері жалпы несие портфелі 16 миллиард теңгені құрайтын 494 жоба субсидияланса, 3,7 миллиард теңгені құрайтын 130 жоба жас кәсіпкерлердің үлесінде. Міне, аймақтағы жастар кәсіпкерлігінің көрсеткіші осындай.



«БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ»: ТИІМДІ ҚЫЗМЕТ ПЕН ҚОЛДАУ

Бір уақ ой елегінен өткізсек, кәсіп бастаймын дегендерге мүмкіндік көп. Мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек пен қолдау шаралары да аз емес. Дотация мен жеңілдетілген несиеден бастап тегін курстарға дейін қарастырылған.

басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде барлық өңірде «Бизнеске арналған үкімет» жобасын жүзеге асыру туралы тапсырма берілді. Ал ол уақытқа дейін «Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы»,

кейін 2017 жылдың 30 қаңтарынан бастап облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының жанынан кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы ретінде қызмет атқарды.

Жыл сайын ұсынылатын қызмет көлемі артып келеді. Мәселен, 2017 жылы 4 бағытта 40 қызмет түрі көрсетілсе, 2017 жылы бағыттың саны 7-ге артып, 60 қызмет бойынша 6070 жұмыс атқарылды. Кейін қызмет саны 10546, 13488, 16763, 19592-ге жетті. Былтыр 70 қызмет қолға алынып, 20525 қызмет көрсетілді. Ал биыл қоржында 7 бағыт аясында іске асқан 19951 қызмет бар. Облыс бойынша 86 мемлекеттік мекеме, квазимемлекеттік ұйым және монополист субъектілерімен жұмыс істейміз. Ал барлығы 109 374 қызмет көрсетілді.

Өзіңіз айтқандай, қазір «бір терезе» арқылы кәсіпкерлердің түрлі

жұмыстары дер кезінде оң шешім тауып жатыр. Бұл қызмет түрімен Ұлттық экономика министрлігінің бас сарапшысы Ербол Жұмабай танысып, оң бағасын берді.

– Білуімізше, мекеме мен монополия субъектілерінің арасында арнайы келісім бар. Бұл меморандум кәсіпкерлерге қаншалықты тиімді?

– Мекеменің негізгі бағыттарының бірі – техникалық шарттар алу бойынша монополист мекемелермен бірге жұмыс істеу. Атап айтқанда ШЖҚ «Қызылорда су жүйесі» МКК, «Қызылордажылуэлектрорталығы», «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы, «QazTransGazAimaq» АҚ секілді монополия субъектілерінің барлығымен меморандум жасалған. Ал бұл бастама аясында мекеме кәсіпкерге керекті техникалық шарттарды 5 күн ішінде алып бере алады. Бұған дейін монополистерге барған кәсіп иесі кәсіпкерлік нысанын іске қосу үшін қажетті техникалық шартты алуға бір айға дейін уақыт жұмсайтын. Бұл бірлескен жұмысымыз монополия мекемелерінде тиімді. Ал республика көлемінде бұл бағыттағы қызмет бойынша «Бизнеске арналған үкімет» мекемесі үздік үштіктің қатарында.

– Орталықта ұсынылатын қыз-

меттің ауқымы кең екенін байқадық. Бір ғимаратта бірнеше ұйымның бірге жұмыс істеуі де жұмыстың қарқынды жүруіне әсер ететіні сөзсіз.

– Бүгінде мекемеде 23 адам қызмет етеді. Облыс орталығы мен барлық ауданда арнайы өкілдеріміз жұмыс істейді. Біз – қызмет көрсетуші мекемеміз. Облыстың барлық кәсіпкеріне сапалы қызмет көрсету – ұжымның басты мақсаты мен міндеті. Жыл басынан бері мекеме 20 мыңға жуық қызмет көрсетті. Тіпті жарнама эскизін жасау бойынша да біршама жұмыс атқарылуда. Дизайнерлік қызметіміз де ақысыз негізде жүзеге асады.

Сонымен қатар кәсіпкер біздің мекемеге келіп, өзінің атынан сенімхат бере алады. Біз сол кәсіпкердің өкілі ретінде мекеменің қызмет көрсету бағыттары бойынша тиісті органдарға барып, сүйемелдеу жасаймыз. «Бизнеске арналған үкімет» бірыңғай офисінде кәсіпкерлер өз бизнесін дамыту, құзыретін арттыру мен қаржыландыру мәселесі бойынша барлық қызмет пен кеңес ала алады.

Кәсіпкерлердің жұмысын жеңілдету жолында жасалған қадамдардың бірі – қажетті мекемелердің бір алаңда жиналуы. Яғни кәсіпкерлікті қолдау саласындағы «Бизнеске

арналған үкімет», Өңірлік инвестиция орталығы, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен «Аграрлық несие корпорациясының» филиалы бір ғимаратта жұмыс істеуде. Соның арқасында бизнес өкілдері бұрынғыдай мемлекеттік органдардың табалдырығын тоздырмайды. Бұл – бизнесті қолдаудың басты тетігі.

– Сұхбат барысында түрлі қызмет түрін тоқталдыңыз. Ал сұраныстағы қызмет қайсы?


– Ең танымал қызмет түрі – бизнес-жоспар. Түрлі мемлекеттік бағдарламаға, мемлекеттік грантқа қатысу үшін бизнес жоспарды тегін жасаймыз. Ал егер кәсіпкер өзге ұйымға ақылы қызметке жүгінесе ең қарапайым бизнес-жоспардың өзі орта есеппен 50 мың теңгеге жасайды. Біздің тарапымыздан бұл қызмет тегін көрсетіледі. Мысалы биыл қараша айына дейін біздің қызметкерлер 1434 бизнес-жоспар жасады. Олардың ішінде кәсіпкерлер де, қызметін енді бастағандар да бар.

Тағы бір айта кетерлігі, біз арқылы кәсіп бастағысы келгендер кәсібін тіркей алады. Салық саласына қатысты 17 қызмет түрін ұсынамыз. Бастысы сүйемелдеу жұмысы да жалғасады. Мысалы бірнеше жыл бұрын тіркелуге келген кәсіпкер кейін техникалық шарт алуға, жаңа нысан құрылысын бастауға келеді. Біршама азамат бүгінде үлкен жобалармен жұмыс істеп, қызмет аясын кеңейтіп жатыр.

– Жауабыңызға рақмет!

Нұрәулет Баймахан:

ТЕАТРДА ЖҮРІП, ӨЗІМДІ ТАПТЫМ



парасат пен адамдықтың төңірегіндегі оқиғаларды да құрайды. Автор ретінде айтар ойым шығармаға толық түспеуі мүмкін. Бірақ, ол көрерменге қалай болғанда да жетеді. Оны жеткізудің де түр-түрі бар. Көркем сөзбен астарлап немесе іс-әрекетпен жеткізуге болады. Тіпті тікелей айтпай-ақ, көрерменге сұрақ ретінде қалдыру да тиімді. Әрқайсысы өзінің ой қорытып, жорамалдайды. Бірақ түбінде ұғынатындары бір жерде түйіседі.

АДАМ ЖАРАТЫЛЫСЫНАН АҚИҚАТТЫ, ТАЗАЛЫҚТЫ ІЗДЕЙДІ

– Ой қазанында қайнап, жазу үстелінде жарық көрген туындыға жан бітіретін режиссер. Егер режиссермен аранызда пікір қайшылығы болса, ортақ ымыраға қалай келесіз? Қанша дегенмен автор шығармасы үшін шырылдайды ғой...

– Пьесаны тыныштықта отырып жазамын. Оңашада ой бағып, жеке қалып, сол кейіпкермен тікелей тілдесіп, тіпті сол болып сөйлеп диалог құрамын. Сондықтан біреудің араласқанын емес, жалғыз ойланып жазуды қалаймын. Сонда ғана айтқым келгеннің бәрі қағаз бетіне түсіп, тың ойлар төгіледі. Жазылып біткен шығарманы қайтадан қарамаймын. Сіз айтты отырған үш қойылымды да сондай. Режиссер қабылдайды. «Бұл пьеса маған ұнады, қоямын» дейді. Келісімді беремін. Әрі қарай режиссер өзі біледі. Ол кей тұсын қысқартып, енді бір тұсын қажет емес деп табуы мүмкін. Ол да өзінің ырқында. Ал мына тұсқа қосайық десе, көмектесуге әзірмін. Бірақ «мына сөз міндетті түрде айтылуы керек», «мынаны неге алып тастадың?» деп араласпаймын. Мен қалай ойым мен өз көзқарасым бойынша шығарма жазып, қабілетіммен жұмысымды атқарсам, дәл солай режиссер де шығармашылық шешім қабылдауға құқылы. Қойылымды сахнаға шығаруда өзіңдік тәсілдерін қолданса, бөгет болмаймын.

– Драматургия – күрделі жанр. Ізденіс керек. Тіпті, бұл жайында сөз қозғалса әркімнің айтар уәжі бар. Қазақ классиктерінен бөлек, тағы кімдерді оқисыз? Ал, драматургияның тілі – диалог десек, осы тұстағы ұтқырлығыңыз қандай? Өзіңізге әсер еткен үзіндіні айтып өтсеңіз...

– Маған керектің барлығы қазақ әдебиетінде тұнып тұр. Тіпті, әлі оқып үлгермеген кітаптағы қазыналы қайнар қаншама... Шетел классиктерінен ешкімді оқымаймын. Өз тарихымызды түгендеп, өз әдебиетімізді бітірмей жатып, басқа елдің әдебиетін оқуға қызықпаппын. Бәлкім, бұл дұрыс емес те шығар. Бірақ табиғатым солай.

Диалог жазғанда әлдекімің мазалауынсыз, тып-тыныш, әрбір кейіпкердің болмысына еніп жазамын. Мендегі ерекшелік пен ұтқырлық осы шығар. Егер кейіпкер қыз болса, мына әлемге соншыл көзімен, нәзік жүрегімен қараймын. Ішкі дүниесімен үндесемін. Сол кезде айтқысы келген сөздері еріксіз шығады. Диалог үшін әдемі сөздерді іздеймін. Мұнда, қайғыны, қуанышты сезінгенде ол өздігінен өрбиді.

Негізі әр көркем шығармадағы

диалогтар түрлі бағытта болады. Әрқайсысы тақырыпқа сай тарқатылып, кейіпкердің күйіне қарай құбылып жазылады. Түйсікте түртіп алар түйіні де бар. Бөліп-жарудың қажеті жок. Өз шығарманың ұнайтын үзінді «Сезімді қайтейін» қойылымында кездеседі. Онда қыз былай дейді: «Шын сүйген адамдар қосылмайтынның білсе, тым құрыса қоштасады». Осы сөзді көпшілік те сәтті шыққан деп айтады. Өйткені мұндай жағдай өмірде кездеседі ғой. Шын сүйіп, кейін бір-бірін көрместей жек көріп кететін жұптар болады. Бірақ махаббатты кіршіксіз дейтін болсақ, оның басы да, соны да болуы керек. Екеуі қосылмай, үйленуге дейін жетпегенде, тым құрыса бақыт тілеп қоштасқаны игі. Адал махаббатты, риясыз сүйіспеншілікті бірге сезінгеннен кейін оны қадірлеу керек деп білемін. Бір-біріне өкпе арқап, ренжіп жатуы махаббатқа жасалған қиянат. Әрбір сезімді жауапты-жауапсыз болсын, баянды немесе баянсыз болсын бағалай білген жөн.

– Қазір театр табалдырғын аттап, қойылымды асыға күтетін орта қалыптасты. Әлеуметтік желілерде де қойылым туралы бейнероликтердің қаралымы көп. Бұған не әсер етті деп ойлайсыз? Жалпы, театрдың дамуы жайында не дейсіз? Әлде келергілер бар ма?

– Театрға табан тірейтін адамның көбеюі заңдылық. Қызыл-жасылды дүниеге алданып жүруі мүмкін. Десе де, адам жаратылысынан ақиқатты, тазалықты іздейді. Айналып келгенде мұны театрдан табады. Ғабит Мүсіреповтің «Театр – хас сұлулық көз жасындай мөлдір өнер» деген сөзі де осыны аңғартулы. Меніңше, театр – өнердің биік шыңы. Қойылымды да монтаждаусыз, қаз-қалпында көрерменге жеткізеді. Тіпті, қателік жіберсең, қайта түсіретін дүбәл де болмайды. Театр осынсымен ерекше. Әр дайындық барысында барымызды салып, тер төгетініміз содан.

Жалпы, театрдың дамуы қарқынды. Бұрын «тарихи қойылым жасанды, айқайлап ойнайды, өтірік» деген сынды ой қалыптасқан. Бүгінде комедия, трагедия, драма секілді барлық жанрды қамтып отыр. Иә, қазір театрдың деңгейі басқаша. Жаңа технологиялар, әсіресе арнайы эффекттері мен лед экрандар арқылы қойылым көрермен назарына ұсынылуда. Көрермен не сұраса, нені қаласа алдына бере алатындай деңгейде деп ойлаймын. Бұл әлі басы. Алдағы уақытта көпшіліктің театрға махаббаты одан сайын артаатынына сенімім мол.

ШЫНАЙЫ КҮЛЕ АЛМАЙТЫН АДАМ БАҚЫТТЫ ӨМІР СҮРЕ АЛМАЙДЫ

– «Жә-жә, қолыңызды бетіме қарай жүгіртпеңіз! Менің де өз бетпердем бар...» Журналист Ержан Байгілестің кітабындағы осы бір орам ойлаңдырады.

Ал, Нұрәулет Баймаханның шынайылығы неде? Өмірде айтпаймын деген шындығыңызды кейіпкеріңіз сөйлеткен сәт болды ма?

– Арамызда біреудің қуанышына, жетістігіне шынайы тілектес бола алмайтын адамдар бар ғой. «Шынайы күле алмайтын адам бақытты өмір сүре алмайды» деп те айтып жатады. Менің шынайылығым – көңілімнің ақтығы мен пейілімнің кендігінде. Оның үстіне өзімді қалай бар солай көрсетемін. Өзгенің жетістігіне қуана аламын, күңкілдеп күлмеймін.

Иә, өмірде айтпаған шындықты, кейіпкер арқылы білдіру үнемі болады. Драматургия да бекерлен-бекер пайда болды деп ойламаймын. Қоғамға айта алмаған үнді шығарма арқылы жеткіземін. «Мен не айтқым келді?», «ішімде не қайнап жатыр?» соны кейіпкерімнің аузына саламын. Ал, айтқым келмеген, санада сайрамаған, көкейімде кептелмеген нәрсені жазу жалпақ болып қалады.

– Сіз үшін ең қадірлі сөз қандай? Өмірлік ұраныңыз ше?

– Бұл сұраққа көркем әдебиеттегі әдемі ойды немесе ғұламалардың нақыл сөздерін айтсам болады. Бірақ, мендегі тап қазіргі күй бөлек. Мына өмірдің мәні – мейірім мен махаббат. Атақ пен жетістік, тапқан есепсіз байлық та бұл аяулы сезімдердің жанында түк емес. Ал, сүйегіне сүрінбей қосылып, жан-дүниенімен үндесетін адаммен мына өмірдің қиындығын бірге кешу де бақыт, сірә?!

Өмірлік ұраным жайында айтсам. Көбіне өмірді көрген үлкен кісілермен әңгіме-лүкен құруға тырысамын. «Өмірден не түйдіңіз?», «Өмірдегі қателігіңіз қандай және нені қайталамас едіңіз?» деп сұраймын. Соның 99 пайызынан «тілге не болу керек», «Құдайдан тіле» дегенді естідім. Расымен, асылық сөйлеу, тәкаппарлық адамды өрге бастап, төрге шығармайды. Ашы тілмен сынап-мінеу де өз жолымызды ұбатын қателік. Сондықтан бұл өмірлік ұстаным болатындай қағида.

– Уақыт бөлгеніңізге рақмет!

Әңгімелескен
Замира ҚОНЫСЖАН

Басы 1-бетте

ӘРТИСТЕР МАТЕРИАЛДЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ЕМЕС, ЖАН РАХАТЫН ТАҢДАҒАН

– «Жан-жағым қол соққан адамдар Біз өмір – ойын деп ұғындық. Қойылым бітсе егер, тарандар! Шымылдықы».

Расымен, театр – өмірдің айнасы іспетті. Әрбір қойылымда түрлі кейіпкерді сомдайсыз. Бір рөлді бірнеше рет ойнағанда кейіпкеріңізді жаңа қырынан танысыз ба? Мұндайда өз-өзіңізді жоғалтпайсыз ба? Ал, шымылдықы жабылғаннан кейін сезім күйіңіз қандай болады?

– Жалпы, әр адам өмірге түрлі көзқараспен қарайды ғой. Егер мен сіздің рөліңізді сомдасам, сіздің кейіпіңізге енуім керек. Кейіпкер сомдау – қызығы мен шығарманы қатар жүретін ерекше сезім. Мұны тек әртістер сезінетін бақыт дер едім. Әрине, жаңа қырнан тани бастайсың, өзін де ашыласың. Бірақ кейіпкерді шығардым, оны толық таныдым деп айту мүмкін емес. Кейіпкерді әркез сахнаға шығарып,

Театр – мәдениеттің ұйытқысы әрі өнердің ең биік саласы. Эстетика пен руханияттың қайнар көзі болған театр сахнасында ұлттық құндылықтарды сезінуге болады. Сол себепті де, театр өнері таза, асыл деп бағаланады. Ал театр көрермені – жай билет алып, спектакльді көріп қайтатын адам емес. Ол өнердің қадірін түсінетін, рухани тыныштықты бағалайтын жан. Соған орай өнер ордасының да өзіне тән әдептері бар.

Театрға келетін адамдарға қойылатын талаптардың бірі – сыртқы киім. Мұнда күнделікті жай киіммен емес, сәнді немесе классикалық үлгідегі киіммен келген жөн. Бұл қойылымға және өнерге деген құрмет, әрі өзге көрермендерге де эстетикалық әсер береді.

Театр әлемінің келесі талабы – қойылым басталмай тұрып залда болу. Әрдайым көрсетілген уақыттан 15 минутқа ерте келуге тырысыңыз. Уақытында келмей, қойылым жүріп жатқан кезде кірсеңіз, өзгелердің назарын бөлесіз. Қойылым барысында орын ауыстыруға, дауыс көтеріп сөйлеуге болмайды. Өркениет бастау алған жерде өзіңізді мәдениетті ұстағаныңыз жөн.

Театрға келгенде телефонды өшіру немесе оны дыбысыз режимге қою өте маңызды. Смартфон дыбысы залдағы тыныштықты бұзып, көрермендердің көңілін бөліп, актерлердің ойынына кедергі келтіруі мүмкін. Тіпті SMS немесе



хабарлама келгенде экранның жарығы жаныңыздағы адамдардың назарын аударды. Тағы айта кететін жайт, спектакль жүріп жатқанда сөйлемеу –

КӨРЕРМЕН МӘДЕНИЕТІ ҚАНДАЙ?



әдептің бір бөлшегі. Күлкі, сыбыр, артық қозғалыс – көрерменнің қойылымнан алған әсерін бұзып қана қоймай, сахна мамандарына кедергі келтіреді, өзіңіз де қойылымнан ләззат ала алмайсыз.

Қойылым аяқталған соң міндетті түрде орныңыздан тұрып, өнер майталмандарына қошемет көрсетіңіз. Сіз бір сағат тамашалаған спектакльге бұл жандар қанша тер төгетінін ескеріңіз. Бірақ көрерменге белгілі бір уақытта ғана, яғни спектакль соңында немесе әсерлі сәттерде қол соғу – әдептілік болып саналады. Қойылымның ортасында, кішкентай үзілістерде қошемет көрсету – тек әртістердің жұмысына кедергі келтіріп, көрермендерге ыңғайсыздық туғызады.

Көрермендер залдан шығып кетуге асығады. Қойылымның толық аяқталуын күтіп, әртістерге ризашылық танытып, сыйлық сыйлап, асықпай залдан шығу – мәдениеттіліктің белгілері. Сондай-ақ

қойылым туралы ой-пікіріңізді спектакль аяқталған соң немесе үзіліс кезінде білдіргеніңіз абзал. Егер гүл сыйламақ болсаңыз, оны актер көрермендерге иілгеннен кейін табыстаның болады. Сүйікті әртіспен суретке түсу ниетіңіз де болса, олардың фойеге шыққанын күтіңіз. Сахнаға суретке түсу үшін шығуға рұқсат етілмейді.

Қойылым тақырыбына сай көркем стильде киініп, уақытылы орныға жайғасып, театр ұжымына қошемет білдіру аса қиындық тудырмайды. Керісінше сізді рухани байытады. Театрға келген әр адам осы қарапайым ережелерді сақтаса, қойылымның әсерлі, мағыналы өтуіне өз үлесін қосады. Театр әдебін сақтау – өзімізге де, өнерге де сыйластықпен қарар.

Айсара МЕЙРАМБЕКОВА,
11-сынып оқушысы,
Зайсан қаласы

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №955 қаулысы негізінде, ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі балық шаруашылығы комитетінің Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы республикалық мемлекеттік мекемесі құрылды.

Инспекция Қызылорда, Түркістан облыстары және Шымкент қаласының әкімшілік шекарасының шегіндегі Арал-Сырдария бассейнінің су айдындарында (су қорғау белдеуі мен аймағын, жағалау жиегін және санитарлық қорғау аймағын қоса алғанда) балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы іске асыру, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын аумақтық бөлімше ретінде жұмыс істейді.

Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы мекемесі табиғатты, табиғаттың байлығын келешек ұрпаққа аман сақтап, жемқорлыққа жол бермеу, болдырмау үшін өз үлесін қосып келеді. Бұл жана құрылған ұжымның Отан алдындағы тұрақты ұстанымы әрі ұраны.

Табиғат байлығын қорғау, пайдалану саласында ысырапшылдыққа жол бермеу және халыққа ашық, қолжетімді қызмет көрсету, жемқорлықты болдырмау үшін бар күш-жігерімізді, білім мен ақылмызды жұмсауға, адал еңбек етуге даяр екенімізді көрсетіміз қажет.

Қараша айында Мәжілістің жалпы отырысында «қауластыру туралы» заң жобасы және «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне аква өсіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң талқыланып, мәжіліс депутаттары бастаманы қолдады.

Бастамалардың негізгі мақсаты – өндірістерді құру және кеңейту, сондай-ақ бәсекеге қабілетті акваөсіру объектілерін өсіру көлемін ұлғайту арқылы оның тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

Бүгінде Қызылорда және Түркістан облысы бойынша балық және балық өнімдерінен дайын өнім түрлерін шығару жолға қойылған. Атап айтқанда салқындалатын мұздатылған балық, балық филесі, ысталған және қақталған балық, балық консервілері, сондай-ақ балықтың май-ұн заттары өндірілуде.

Инспекцияның бөлім басшылары тарапынан инспекторларға рейдтік іс-сапарға шығар алдында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, оның қоғамдағы және кез-келген ортадағы өзін-өзі ұстауы мінсіз болуы жөнінде әрдайым ескертіледі.

Жылына екі рет сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу жұмыс тобымен Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясына талдамалық анықтама жасалады.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысы бойынша жұмыс тобымен анықталған тәуекелдерді жою туралы басты құрамға және ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінен Балық шаруашылығы комитетіне ұсыныстар беріледі.

Инспекция қызметкерлері «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы талаптары туралы» тақырыпта «Documentolog электрондық құжат айналымы және бизнес-процестерді автоматтандыру жүйесінде» жұмыс істеу бойынша курсты сәтті аяқтағанын растайтыны туралы сертификаттар алды. Атыраулы жүйелі жұмыстардың нәтижесінде биыл инспекция қызметкерлерінен сыбайлас жемқорлық сипатындағы заң бұзушылықтар орын алмады.

С.АЛДОНҒАРОВ,

Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы республикалық мемлекеттік мекемесінің бас маманы

Ұлт басына күн туғанда халқының қасынан табылған Жұмабек Тәшенов қазақ жерінің телім-телім болып, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетпеуі үшін жан аямай күрескен ұлы отаншыл азамат. Өз елі мен ата-баба аманатына адалдығымен, жерін жатқа беруге қарсы жан аямай күрескен ерлігімен есте қалған қайсар жан.

Жұмабек Ахметұлы – 1915 жылдың 20 наурызында Ақмола облысы, Аршалы ауданының Танақол ауылында дүниеге келген. 1933 жылы Ақмола құрылыс техникумына оқуға түсіп, бір жылдан кейін оқуын тастап, қоғамдық жұмысқа кіріскен. Осылайша бұл оқу орнын 1955 жылы бітірді.

Жұмабек ТӘШЕНЕВ:

МАҒАН КЕРЕГІ ЛАУАЗЫМ ЕМЕС, ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ МЕН ЖЕРІНІҢ ТҰТАСТЫҒЫ

Қызмет жолын 19 жаста аудандық комитеттің хатшылығынан бастаған. Ал 25 жасында облыстық жер бөлімі бастығының орынбасары қызметін атқарған. 29 жасында облыстық партия комитеті басшысының орынбасары, 37 жасында Ақтөбе облысы партия комитетінің бірінші хатшысы лауазымына келді. 1955-1960 жылдары Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі төралқасының төрағасы қызметін, 1960-1961 жылдары Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметін атқарды.

«...60-шы жылдардың бас кезінде КОКП генсек Никита Хрущев Қазақстанның бес облысы (Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Қокшетау, Ақмола, Павлодар) кірген Тың өлкесі деп аталатын құрылым арқылы өлкені тікелей Ресейге бағындырып, іс жүзінде қазақ жерін күштеп болшектеуге жаталаса ұмтылған кезде республиканың аумақтық тұтастығына айтарлықтай қатер төнген еді. Бағымызға қарай, осы Хрущевтің бұнысыз жерге пышақ салған ұсынысына өжет басы – Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Ж.Тәшенов батыл қарсы шықты. Нақтылап айтсақ, Н.Хрущев Қазақстан



Компартиясы ОК-ның бюро мүшелерін түгел Мәскеуге шақырып, Қазақстанның солтүстігіндегі бес облысты Ресейге қосу туралы мәселені талқыға салғанда Ж.Тәшенов «Я родом из Ақмолинска. Двенадцать лет работал в Сельхоз-Казакстанской области. Мои родители и их родители, да и все наши предки покоятся на этой земле. И вы теперь хотите эту землю передать России? Вдумайтесь, товарищи, какой казах с этим согласится?.. Я, например, категорически против постановки данного вопроса!..» – деп тойтарыс берген. Осы бір ауыз тарихи сөз Қазақстанның солтүстік аудандарын Ресей құрамына өтіп кетуден сақтап қалғаны айна-кәтесіз ақиқат.

Жұмабек атамыз өзінің саясаткерлігі мен шешендігі, салауаттылығы мен салмағы арқылы қазақ жерінің тұтастығы үшін күресті. Мансап пен пенделік нәпсіге құл болудан ада болды, жалтақтаған жағым-төнген еді. Бағымызға қарай, осы Хрущевтің бұнысыз жерге пышақ салған ұсынысына өжет басы – Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Ж.Тәшенов батыл қарсы шықты. Нақтылап айтсақ, Н.Хрущев Қазақстан

мен жерінің тұтастығы. Ол арманыма жеттім. Елім, жерім орнында» деген Жұмабек Тәшенов Қазақстан жерінің тұтастығын сақтап қалды.

«Егер ол мансапқұмар болса, бәрине бас изеіп, үнсіз келісе берер еді ғой. Жоғары қызметін де сақтап қалатын еді. Жоқ, ол ондай болған жоқ. Әрине, жұмысіннен босатқан шақта жұмысына жоғары жақтың көңілі толмайды деген бұйрық шығарған. Сөйтіп Шымкентке жіберіліп, әкем өмірінің соңына дейін сонда тұрды. Халық құрметтейтін, бағалайтын. 60 жасқа келгенде зейнетке шығарды. Бірақ ол кезде де біраз жұмыс атқаратын күш-қуаты бар еді. Ол қарап отыра алмайтын. Зейнетке шыққан соң зерттеу институтында жұмыс істеді» дейді ұлы Саян Тәшенов өз естелігінде.

Жұмабек Ахметұлы 71 жасында, 1986 жылы 18 қарашада дүниеден өтті. Тұтас ұлтты ұсынында ұстамақ болған Кеңес империясының басшысына қарсы тұрып, дәлелді уәжі арқылы тойтарыс бере білген Жұмабек Тәшеновтің ерлігі бүгінгі ұрпақтың санасына рухани азық болары сөзсіз.

«Маған керегі лауазым емес, қазақ халқының бірлігі

Ералы ЕСІМОВ,
Астана қаласы

ШӘКІРТТЕРГЕ ЖАҢА ШЕБЕРХАНА АШЫЛДЫ

Қармақшы аудандық білім бөліміне қарасты №85 орта мектебінде «Мектеп. Кәсіп. Болашақ» мектеп жобасы аясында «Бастау» кәде сыйлар жасау шеберхана кабинетінің ашылу салтанаты өтті.

Жобаның мақсаты – тұлғалық өсудің алғы шарттарын қалыптастырып, елімізге өз үлесін қоса білетін адал маман, кәсіп иесі болуға тәрбиелеу. Ерте жастан балаларды кәсіпке баулу мақсатында жағдай мен оқушылар кәсібіне қолдау жасау.

Сонымен қатар оқушылардың болашақта лайықты өмір денгейіне көтерілуі үшін кәсіптік бағдар беру,

мамандықтардың қыр-сырын меңгерту, ойлау мен іскерлік қабілеттерін қалыптастыру да басты назарда. Шеберхананың ашылуына Төретам кенті әкімінің орынбасары С.Ескалиева, Қармақшы аудандық білім бөлімінің Байқоңыр қаласындағы сектор меңгерушісі Ж.Тұраровна, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының маманы Ж.Оразбекова, академик С.А.Жиенқұлов атындағы Байқоңыр жоғары колледж директорының орынбасары Н.Әлімбаева қатысып, шеберхананың лентасы қиылды. Жиында қонақтар оқушылардың жұмыстарымен танысып, кәде сый жасау шығыны мен пайдасы туралы ақпараттар алды.

«АЖ» ақпарат

• Студенттер шығармашылығы

БІР ҮЗІМ НАННЫҢ ҚАДІРІ

«Кішкене бойлы, қарны тойып тамақ жемеген, денесі арық, қара торы бала небәрі 17 жаста еді. Ескілеу келген, түгі түскен масаты жастыққа жантайып, әкесінің көзіне қарап жатып ұйқыға кетті. Әке жүрегі әлденеі сезді ме, түс көріпті. Таң сәріде ерте тұрып, баласын оятып, «Балам түс көрдің, соғысқа менің батаммен аттансаң, он екі мүшеші түгел, сау болып отбасына ораласың» деп батасын берген екен.

Бұл оқиғаны марқұм атам әкеме айтып отыратын, ал қазір әкем бізге бұл әңгімемен қоса атамның Ұлы Отан соғысына қатысып, көрсеткен ерліктері жайында еске алады.

1941 жылы атам ойландыра Германияға соғысқа аттанып кеткен. Қыстың қақаған аязы, жаураған әскер. Үш мезгіл мұздай ботқа ғана жеген солдаттарға бір үзім қара нанның өзі аш қарынға жалғау болатындай. Өткен жылдан

сыр шертіп, көзі көрген оқиғаны баяндағанда «Бір үзім қара нанды жемей, қолтығымызға қысып жүретініз. Қарын ашқанда кішкене ғана үзіп, таңдайға салып жалғау қыламыз. Соғыста жүріп бір үзім нан көрсен, соның өзі біз үшін қуаныш еді» деп атам көзіне жас алып отыратын.

Атам – Өмірзақ Досов 1923 жылы дүниеге келіп, 2003 жылы өмірден өтті. 1942 жылы Ашхабад жаю әскери училищесін тәмамдап, бірден майданға аттанған. Сол жылдың қарашасында бірінші украиналық майдан құрамында Сталинградты қорғау соғысына қатысқан.

Соғыс кезінде атам барлық ұрыс майданында болып, ірі шайқастардың ортасында жүрді. Ол Варшава мен Будапештті азат етуге қатысып, Балатон көлі (Венгрия) маңында да соғысады. Атам жеңісті 1945 жылы немістің Дрезден қаласында қарсы алған.

Өмірзақ атамның көптеген марапаты бар. Қанды шайқас кезінде көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз», I және II дәрежелі «Отан соғысы» ордендері, «Берлинді алғаны үшін», «Ерлігі үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін» және «Будапештті азат еткені үшін», сондай-ақ «Жеңістің 25, 40 жылдығы» медалі бар. Оған қоса Польша мен Венгрияның бірқатар орден-медалдарын алған. Соғыс кезінде Өмірзақ атам үш мәрте жараланып, миға жарықшақтары денесінде мәңгіге қалды. Ол соғысты Совет армиясының мотоқыштар полкінің аға сержанты шенінде аяқтады.

Ұлы жеңістен кейін үйленіп, сегіз баланы тәрбиелеп өсірді. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Осылайша атамның 26 немере, 33 шөбере тарады. Біз атамның ерлігімен әрқашан мақтанамыз!

Ақжүніс БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ШЕТЕЛДЕ БІЛІМ АЛУ ТАБЫСТЫҢ КІЛТІ МЕ?

Білім – әрбір адамның болашағын анықтайтын басты құндылықтарының бірі. Әсіресе шетелде білім алу бүгінде жеке тұлғаның дамуы мен табысты мансапқа қол жеткізуінің маңызды тетігіне айналды.

Қазір түрлі бағдарлама арқылы әлем елдеріне табан тіреп, сол жердің білім беру жүйесін көзбен көруге мүмкіндік көп. Себебі шетелде оқу мәдени алмасудың алтын көпірі іспеттес. Халықаралық білім беру тек кәсіби шеберлікті арттырумен шектелмейді. Өртүрлі елдерден келген студенттермен бірге оқу адамы басқа мәдениеттерге құрметпен қарауға, түрлі дүниетанымы қабылдауға үйретеді.

Ел жастарына шетелге шығуға арналған бірінші мүмкіндік ретінде ойға «Болашақ» бағдарламасы келеді. Мемлекеттің қаржыландыруымен дамыған, жетілген елдерге қоныс аударып, магистратура, резидентура, докторантура бойынша білім алуға, тағылымдамалар өтуге болады. Кейінгі жылдары 1055 шәкірталы бөлінген екен. Мұнан бөлек академиялық ұтқырлық пен «Erasmus» бағдарламасы да бакалавр студенттері үшін тиімді жол.

Өткен жылғы деректерге сүйенсек, Қазақстан шетелде оқитын студенттер саны бойынша әлемде екінші орынға тұрақтаған. 100 мыңға жуық, яғни 91,2 мың студент елден жырақта білім алып жатыр. ЮНЕСКО-ның статистика институтының жаңартылған мәліметтеріне сәйкес, шетелде оқитын студенттердің ең көп саны Қытай мен Үндістанда тіркелген. Одан кейін Вьетнам, Германия және Өзбекстан тұр. Ал тиісті кезеңдегі шетелде оқитын студенттердің халық санына қатынасын қарастырсақ, онда Қазақстан 0,48% үлеспен бірінші орында. Одан кейін Сирия мен Өзбекстан жайғасқан.

Шетелде білім алу – бұл жеке және кәсіби тұрғыда өзін-өзі дамытуға, жаңа білім мен дағдыларды игеруге, сондай-ақ әлемдік деңгейдегі маманға айналуға мүмкіндік беретін бірегей жол. «Оқу инемем құдық қазғандай» демекші, әрине, бұл шешімге келу оңай емес, ол үлкен дайындық пен қажырлы еңбекті талап етеді.

Ақжүр КҮМІСБАЙ

ДҰРЫС ТАНДАУ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ

Мамандық таңдау – әрбір адам өміріндегі маңызды қадамның бірі. Бұл таңдауда бала күнгі арман мен болашақ мақсатымызға сүйенетініміз белгілі. Дегенмен бір мәмілеге келу де қиын.

Жоғары сынып оқушысы атанған сәтте таңдау жасау маған да оңай болмады. Тарқатсам. Бастауыш сынып оқушысы кезімнен журналист болсам екен деп армандайттыным. Анам да, әкем де бұл шешімді қолдап, демеп отыратын. Теледидардан «Балапан» арнасындағы жас тележүргізушілерді көріп, шабытым ашылып, қызыға да, қызғана қарайтынмын. Әуелден сөйлеу мен жазуға шебер болдым. Бұл қабілет маған аманан дарыған. Ол кімнің-тойларда сөз сөйлеп, айналаны танқалдырып жүретін. Мен де мектеп қабырғасында түрлі іс-шаралар жүргізіп, тәжірибе жинадым. Ораторлық қабілетім де дамыды. Алайда есейе келе бала арманым «суып», орным болашақ арман басты. «Әкем секілді архитектор боламын» деп мектеп бітіргенше осы мақсатты қолыма ту етіп ұстадым. Мектеппен қоштасатын сәт те жетті. Ұлттық бірінші тестілеуден ойдағыдай балл жинадым. Алайда Астанаға қоныс аударып, суәлетші маманы ретінде білім аламын деген шешіміме күдік пен сенімсіздік пайда болды. Бала күнінен анам соңғы шешімді өзім қабылдауға үйреткен.

Айғаным ЖҰМАНҒАЛИ

ИНФЕКЦИЈАЛЫҚ АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ЖӘНЕ ЭПИДЕМИОЛОГИЈАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Қоздырғыштар тудыратын аурулар инфекциялық деп аталады. Инфекция көзі ауру адамның немесе жануардың денесі болуы мүмкін. Мұндай аурулар оңай жұғып, тез таралады.

Олардың таралуын болдырмаудың әдістері бар. Мәселен, гигиеналық қағидаларды сақтау, салауатты өмір салты, дұрыс тамақтану, вакцинация және алдын алу туралы ақпаратты насихаттау. Дегенмен аурудың таралуын анықтауға және бақылауға көмектесетін инфекцияларды эпидемиологиялық қадағалау да маңызды. Бұл – жұқпалы аурулардың таралуы туралы ақпаратты бақылау, жинау және талдау жүйесі. Ол инфекция ошақтарын тез анықтауға, олардың көздері мен таралу жолдарын айқындауға, сондай-ақ аурудың таралуын бақылау үшін қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді. Әсіресе эпидемия немесе пандемия жағдайында өте маңызды. Мұнда жедел әрекет ету көп адамның өмірін сақтап, ауыр әлеуметтік-экономикалық салдардың алдын алады.

Жеке гигиенаны сақтау, әсіресе қолды жуу бірнеше жұқпалы аурулардың алдын алады. Өйткені қол ластанған беттермен жиі байланысады. Қорғаныс құралдарын қолдану патогендердің ағзаға енуіне жол бермейді. Салауатты өмір салты денені күшейтіп, инфекцияларға төзімді етеді. Вакцинация – патогендермен байланысқа дейін аурулардан қорғаудың ең тиімді әдісі. Екпемен бас тарту ұмытылған аурулардың эпидемиясына әкелуі мүмкін.

Аурудың салдарын емдеуден гөрі алдын алу жеңіл екенін ескере отырып, оның денсаулықты сақтауда шешуші рөл атқарып келгенін айту керек. Эпидемиологиялық қадағалау деректерін бақылау және талдау инфекциялардың таралу қаупіне тиімді жауап беруге және олардың алдын алу үшін тиісті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл қоғамдық денсаулық пен әл-ауқатты сақтауда аса маңызды екенін ескерген жөн.

Ғабит ТАЖБЕНОВ,

Қызылорда бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

«Orkeniet education» ЖШС (БСН 230140027597) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Отырар көшесі 25. Байланыс тел.: 87019833100.

«Жансұлтан» бала бақшасы» жеке мекемесі (БСН 091140015565) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Торайғыров көшесі 50.

«Әдемі» бала бақшасы» жеке мекемесі (БСН 100540016282) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, М.Шоқай көшесі 13.



Ермұхамед МӘУЛЕН:

МЕМЛЕКЕТ КӨМЕКТЕСПЕЙ, ҚАЗАҚСТАН ФУТБОЛЫ ЕШҚАШАН ДАМЫМАЙДЫ

Басы 1-бетте

– Ермұхамед Мұратбекұлы, әуелгі әңгімені ұлттық құраманың Ұлттар лигасындағы ойындарынан бастасақ. 6 ойынның біреуін тең ойнап, қалған бесеуінде 1 гол соқпастан жеңіліс таптық. Ал былтыр ғана сауатты өнер көрсетіп жүрген ұлттық құраманың тоқтаусыз жеңілісін құрама банкері Станислав Черчесовтың келуімен байланыстыратындар көп. Бұл жөнінде не айтасыз?

– Ашығын айту қажет, өз басым ұлттық құраманың бұлай өнер көрсетуіне, ұпай жоғалтуына Станислав Саламұлының қатысы бар деп есептеймін. Бұл банкер болмағанда да біз осылай ұтылатын едік. Біз «Б» лигасында өнер көрсеттік. Ал ондағы биылғы қарсыластардың қандай мықты екенін өздеріңіз жақсы білесіздер. Әзірбайжан, Армения емес, әлемнің атакты әрі маңдай алды ойыншылары өнер көрсететін Норвегия, Аустрия мен Словения сынды алпауыт құрамаларға қарсы тұрдық. Ал мұндай құрамалардан ұпай алу оңайға соқпайды. Сондықтан барлығына бірдей банкердің кінәсі бар деп айта алмаймын.

Станислав Черчесов барлығын өзгертіп жатыр. Бұрын 5 қорғаушымен өнер көрсеткен құрама, қазір 4 қорғаушымен ойнауға көшті. Ол бірден нәтижесін бере қоймас, бірақ алдағы уақытта ойында өзгеріс болатыны анық.

– Ұлттық құрама капитаны Асхат Тағыберген Аустриямен болған кездесуден соң «Біздің деңгейіміз осы!» деген болатын. Келісесіз бе?

– Әрине, келісемін. Ұлттық құраманың деңгейі сол. Айтып отырмын ғой, біздің құрама үшін «Б» лигасына дейін жетіп, Норвегия сынды алып құрамамен иық тіресуінің өзі үлкен жетістік.

– Өзіңіз жақсы білесіз, ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев футбол клубтарына 1 миллиард 200 миллион теңгеден артық қаржы бөлінісін деген бұйрық шығарды. Аталған бұйрықтың Қазақстан футбол федерациясына қатысы бар ма?

– Иә, Мемлекет басшысы 1 миллиард 200 миллион теңгеден артық бөлінісін деп айтты. Бұл – өте дұрыс шешім. Оған дейін бюджеттен 3-4 миллиард теңге футбол клубтарына бөлініп келген. Сол ақшаның өзін дұрыс жарата алмай, қарызға кіріп жатқан клубтар бар. Қазақстан премьер-лигасында өнер көрсететін 4-5 команданың қарызы бар.

Ал мұның Қазақстан футбол федерациясына ешқандай қатысы жоқ. Ол жергілікті биліктен бөлінетін қаржы және солардың мәселесі. Ол ақша азайсын не көбейсін федерацияға келіп кетер дөңеңе жоқ.

Ендігі мәселе – жастар футболын қолға алу. Қазақстанда футбол жарыстары өте аз, жастар өздерін кәсіби маман ретінде сезіне алмайды. Экипировка киіп бірдей болып жүру менталитеті жоқ, сұхбат бере алмайды, футбол айналасындағы мәдениетті көрмеген. Осыны жасау үшін Әділет Барменқұловтың тұсында, сол азаматтың жобасы – QJ лигасы ашылды. Демеушісі де табыла қойды. Осылай Қазақстан U15 деген команда ашуды қолға алдық. Жанкүйерлер «чемпионатта келісілген ойын көп, футбол былыққа батқан» деп жатады. Яғни, барлығын Қазақстан футбол федерациясы басқарып отыр деп ойлайды. Шынында олай емес. Федерация мемлекеттен бір тиын да алмайды. ҚФФ 13 командаға және балалар футболына жауап береді. Өйткені балалар футболы – Қазақстандағы футболдың идеологиясы, бағыт-бағдары. Ел футболында қаржы бөлінетін жер – клубтар ғана.

– Елдегі бір сыпыра стадиондардың бой көтергеніне 60 жылдан асқан. Оның үстіне жақын күндері ағылшындық «Челси» клубын қабылдайтын Алматыдағы стадионның да жағдайын өзіңіз жақсы білесіз. Заман көшінен кеш қалған жоқпыз ба? Бәлкі, ескі стадиондарды жамай бергеннен, жаңасын салғанымыз дұрыс шығар...

– Дұрыс айтасыз. Стадиондарды неге жамай беретінін мен де түсінбеймін. Бізге жаңа стадиондар қажет. Бұл мәселені айтып жүргенімізге талай жыл болғанымен әлі шешілген жоқ. Қазақстанда футбол инфрақұрылымы өте төмен деңгейде. Ол 100 пайыз анық нәрсе. 30 жылдың ішінде 2 стадион салумен ғана шектелдік. Ұят!

Кезінде «Астана» сапында ойнаған серб шабуылшысы Джордже Деспотович сұхбат берді. Сол кезде өзінің «Жетісуда» ойнаған сәтін есіне алды. Ол «Таңғаламын, клубқа қыруар қаржы берді, жан-жақтан ойыншылар шақыртты. Біз керемет жалақы алдық, ал ойнап жүрген жеріміздің сапасы өте ұят жағдайда еді. Сонда олар бір жыл бойы легионерден бас тартып, ақшаны үнемдеп, бірінші инфрақұрылымын жақсартып, ойнайтын жерін жасап алмай ма, логика қайда?» деді. Бұл еуропалық футболшының айтып отырған сөзі. Шынымен ақыл-ойы дұрыс адам үшін қисынға келмейтін нәрсе. Ескі стадиондарымыз көп. Елдер 16 миллион еуроға жаңа стадион соғып жатыр. Стадион салу мәселесі неге қиын екенін әлі күнге дейін түсінбей-ақ қойдық.

Бірінші мемлекет стадион салу қажет, содан кейін ғана футболдың нәтижесін талап етуі керек деп есептеймін. Ақылға қонатыны осы!

– Қазақстандық клубтардың келімсектерге жұмсап жатқан ақшасын жақсы білесіз. Нәтижелері де анау айтарлықтай емес. Басшылық қаржы бөлу де нені ескеру қажет?

– Жалпы бізде футбол менеджменті көптеген клубта ақсап тұр. Яғни, еуропалық футбол менеджментінен мүлдем хабарсыз.

Мәселен, бір ортаңқол клубқа 1 миллиард 200 миллион теңге бөлінді. Команда 8-9-шы орынға тұрақтамаса төменгі лигаға түседі. Ал сол кезде бөлінген қаржы игерілгенімен қоймай, клуб тағы қарызға батып кетеді.

Басшылық қаржы бөлу кезінде футбол менеджментін оқыған, мен секілді адамды, яғни футболдан хабары бар, еуропалық ұғымды білетін, ақшаны үнемдей алатын, футбол саласында жұмыс істеп келе жатқан маманды жұмысқа шақыру қажет. Бізде керісінше кім көрінген келеді де қаражаттың барлығын далаға шашады. Сосын қораға кіреді. Бұл – дұрыс емес.

– Легионер шақыру Қазақстан футбол құрамасына керек пе?

– Бұл енді шет елдік ойыншыларды Қазақстанға жерсіндіру ғой. Яғни, өзге елдің ойыншысына елдің азаматтығын беріп, ұлттық құрама жейдесінде өнер көрсетуі. Өз басым, шет елдің екі ойыншысын қатарға қосса қарсы емеспін. Мысалы кезінде Александр Меркель, Георгий Жуков, Валерий Коробкин, Виктор Дмитренколар ұлттық құрамада доп тепті. Сол секілді біздің құрамаға қазір «Атырау» клубында ойнайтын Сигневич пен Нойок деген футболшыларды немесе бразилиялық Жоао Пауло мен Жерар Гоу деген сынды африкалық ойыншыларды алуға болады. Қазір ұлттық құрамаға орталық жартылай қорғаушы қатты қажет. Ал қазір Германияда Қазақстанда туып өскен біздің 18 футболшымыз жүр. Солардың кез келгенін шақыртуға болады.



– Қазақстан футбол федерация Президентіне үміткер бірнеше азаматтың пікірі айтылып жатыр. Тағайындалған жаңа басшы нендей мәселелерді назарда ұстауы қажет деп есептейсіз?

– Иә, түрлі әңгімелер айтылып жатыр ғой. Шынында ҚФФ президенті кім болса да Қазақстан футболының даму, дамымауына қатты бір әсер ете қоймайды. Билік, мемлекет көмектеспей Қазақстан футболы ешқашан дамымайды. Оған менің 100 пайыз көзім жеткен. Сондықтан мұның барлығын мемлекет өз қолына алып жатқаны, өзі ұсынған үміткерінің Президент болатыны мені қатты қуантады.

– Бокстан көрші Өзбекстан елімен салыстырып жатамыз ғой, ал футболдан қай ел мықты?

– Өзбекстан елінің бокстан қандай деңгейде екенін өздеріңіз жақсы білесіздер, өте мықты. Сондай-ақ футбол тұрғысынан да мықты екенін мойындауымыз қажет. Өзбекстан осы 1-2 айдың ішінде Әлем чемпионатына жолдаманы жеңіп алғалы отыр. Салыстырудың «көкесі» сонда болады. Біздің мемлекет, біздің биліктегілер жерге қарап, ұят болғалы тұр. Олардағы футболдың дамуына бір септігін тигізген жаңа стадиондар көптеп салынуы. Инфрақұрылымдарын жақсартқан. Барлық жағдай жасалған. Ал жағдай жасалса, ол нәрсе нәтиже бермей қоймайды. Бізде мұндай жоқ. Осы жағы да мені қынжылтады.

– Елдегі клубтарға тоқталсақ. Өткен жылы «Конференция» лигасына жолдама алған «Астана» футбол клубы өз тобында әлі жеңілістің дәмін тата қойған жоқ. Ал келесі қарсыласты өзіңіз жақсы білесіз. Тең ойын көрсете аламыз ба?

– «Астана» командасы «Конференция» лигасындағы бұл жолғы кездесуінде тең ойын өткізе алмайды. Өйткені ағылшындық «Челси» клубының деңгейі әлдеқайда жоғары, тіпті салыстыруға келмейді. Ал оларға «Астана» ойыншылары қандай жаттығу жасаса да шамасы жетпейді, мүмкіндік жоқ. Өкінішке қарай «Астана» командасы жеңіліп қалады. Шындыққа тура қарау қажет.

– Қызылордалық «Қайсар» футбол клубы ойыншыларының жалақы мәселесі жиі қозғалып жүр. Бұл Сыр елінде ғана емес, бірнеше клубта да осындай қаржылық мәселе болып отыр. Бұл жөнінде не айтасыз?

– Иә, елде «Қайсар» клубынан бөлек, дәл сондай жағдайда жүрген бірнеше клуб бар. Ал олардың неге ондай қарызға кіретіндігінің бір ғана себебі бар, ол – клуб ұжымының ақшаны дұрыс бөлмеуі. Яғни, олар қолдағы бар қаражатты орынды жұмсамайды. Футбол көп шығынды талап етеді. Жоғары да айттым ғой, клуб биыл қарызға кірді ме, келесі жылы да қарызға кіреді. Біріншісінен құтыла алмай отырған клуб, келесі жылы тағы да үстіне қосады. Айналып келгенде қарыздан шығу үшін облыстағы әкімдіктер қаржы бөлуі керек болды.

– Бір сұхбатыңызда ««ҚазСпорт» арнасының директорлық қызметін ұсынса қарсы емеспін» деген екенсіз. Егер телеарнаның директорлығына келсеңіз, басшы Ермұхамед Маулен ең бірінші нендей түйткілдің түйінін тарқатар еді?

– Әрине, «ҚазСпорт» арнасына шақыру келсе бас тарпайтынмын анық. Ал өзгертетін дүние өте көп. Менде тың жобалар бар. Жалпы, телеарна мен «You Tube» арасында жүргеніме біраз жыл болды ғой. Сондықтан әлемдік телеарналар мен әлемдік спортты жақсы білемін. Біразына жұмыс істеп те жүрміз... Сондықтан көп дүниені өзгертіп, жаңа идеяларымды жүзеге асырамын едім. Әрине мүмкіндік болса...

– Комментаторлық қызметті қойғаныңызға біраз уақыт болды. Оған бірден-бір себеп – төленетін қаражаттың аздығы. Расын айтсақ, елде сіз секілді футболдың жілігін шағып, майын ішетін тәжірибелі комментаторлар саусақпен санарлық. Алдағы уақытта футбол сүйер көрерменді көгілдір экранның арғы жағынан қуанту жоспарыңызда бар ма?

– Несін жасырайын, комментаторлық қызметті жаным сүйеді. Ел мені сол арқылы таныды. Сондықтан Әлем, Еуропа чемпионаты секілді әлемдік додаларға шақырып жатса барып, комментаторлық етуге дайынмын. Қазір басқа да телеарналардан шақырту түсіп жатыр. «You Tube» арналар да ойын жүргізуге ұсыныс тастап отыр. Олардың кез келгеніне баруыма болады.

– Қазір көптеген спорт журналисті бухмекерлік кеңселерді жарнамалау арқылы қосымша қаржы табады. Бұл қаншалықты дұрыс?

– Бұл өте дұрыс. Спорт журналистерінің бухмекерлік кеңселерді жарнамалауы орынды және толықтай құқығы бар. Ал басқа әнші, актерлердің жарнамалауына мен қарсымын. Тек спорт журналистері ғана жарнамалауы қажет. Өйткені олардың жұмысы, наны сол. Сол арқылы қаржы табады. Ал неліктен қосымша қаржыға ұмтылады? Себебі, мемлекеттен төленетін айлық мүлдем нашар. Комментаторға төленетін ақша мардымсыз. Ал бухмекерлік кеңселерді жарнамалау қосымша бала-шағасының напақасы ғой.

– Сүбелі сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан Абзал ЖОЛТЕРЕК





ДАРА ДАРЫН ИЕСІ

«Театр – шындық пен өмір. Театр – тәрбие мектебі. Театр – тәлім, рухани азық алар орда» дейді қазақ театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі Жұмат Шанин. Адамзат мәдениетінің айнасы, рухани тәрбие құралына айналған театр өнері көптің көкірек көзін ашып, талайдың талғамын қалыптастырушы күшке ие. Онда өнерпаздар қоғамның маңызды мәселелерін көтеріп, адам болмысының терең сырларын ашады.

Қазақ театр өнерінің негізі ХХ ғасырдың басында, нақтырақ айтсақ 1926 жылы Сыр өңірінде қаланғаны әмбеге аян. Қоғамдағы әділетсіздік, махаббат, ар-ождан, достық, адалдық секілді құндылықтар театр сахнасында көрініс табады. Ондағы кейіпкерлердің тағдыры көрерменді түрлі ойға жетелеп, өз-өзіне сын көзбен қарауға итермелейді.

Бүгінде облыс орталығында қос бірдей театр тәлімі мол, тағылымы терең түрлі қойылымдарды көрермен назарына ұсынып, халықтың ыстық ықыласына бөленіп келеді. Соның бірі – 2016 жылы құрылған «Жастар» театры. Кіл талантты жастардың басын қосқан орда өз алдына отау құрып, көрермен көзіне айналып үлгерді. Мақаламызға арқау болған кейіпкеріміз дәл осы Қызылорда қалалық «Жастар театрының» режиссері әрі актері Берік Ахметов. Ол Т.Әбдіктің «Оң қол» психологиялық драмасына, Н.Баймаханнның «Сезімді қайтейін?!» атты қойылымына және бірқатар музыкалық лирикалық қойылымдарға режиссерлік жасап, көпшіліктің көңілін баураған дарын иесі.

– 1997 жылы 29 тамызда Жаңақорған ауданында дүниеге келдім. №51 М.Қаратаев атындағы қазақ орта мектебін тәмамдап, 2015-2018 жылдары Ж.Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжінде «Театр және кино актері» мамандығында білім алдым. Есіпбек Әбілмәжін, Асан Мәжит, Әсия Малимова секілді ұстаздардан тәлім алу өнерге деген құштарлығымды арттырды – дейді Берік Мейірбекұлы.

Сондай-ақ, ол Ш.Құдайбердіұлы мен

М.Әуезовтың «Ендік-Кебек» трагедиясында Есен батырдың ролін сәтті сомдаған актер. Спектакльдерден бөлек қалалық деңгейдегі мәдени шараларда өзінің шеберлігі мен біліктілігін көрсетіп, талантын көпке танытып келеді.

2017-2019 жылдар аралығында телеарналарда көпшіліктің көңілінен шыққан «Рауза», «Көріпкел», «Тоғжан», «Тоқалқа», «Көкжал» секілді бірнеше сериалда эпизодтық рөлдерді сомдап, өзінің актерлық қырын шыңдады.

Табиғи талант пен шығармашылық ізденісті ұштастыра білген Берік Мейірбекұлы Ж.Шанин атындағы Шымкент қалалық академиялық қазақ драма театрының 95 жылдығына арналған Орталық Азия елдері театрларының ІХ Халықаралық фестивалі аясында өткен «Режиссура» бойынша әйгілі режиссер Юрий Николаевич Бутусовтың шеберлік сабағына қатысып, сертификатымен марапатталды. Нағыз өнерді насихаттап, рухани бай болуға шақыратын кейіпкеріміз алдағы жоспарларымен бөлісті.

– Жуырда К.Людвигтің «Бикештер» комедиясын көрерменге ұсынбақпыз. Ал 2025 жылдың І тоқсанында М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнесі» атты спектаклін, ІІ тоқсанда Қызылорда қаласының халқына «Ашық аспан астындағы театр» қойылымын ұсыну, сондай-ақ танымдық ақпараттық бағдарламаларды жасау жоспарлануда.

ІІІ тоқсанда С.Ахмадтың «Келіндер көтерілісі» атты комедиясын, әлемдік классикадан Г.Ибсеннің «Қуыршақ үйі» атты драмасын, сондай-ақ І.Есенберлиннің «Ғашықтар» драмасын қалың көрерменге ұсынамыз.

Өнердің өлкесі Қызылорда қаласы мәдениеттің мекені екенін дәлелдеуге «Жастар театры» еңбек ете бермек, – дейді ол.

Театр – адамның ішкі мәдениетін байытып, қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеретін саф өнер. Ол өнер ғана емес, халықтың рухани өсуінің маңызды құралы. Сондықтан да мәдениеті дамыған елдерде театрды өнердің асқақ шыңы деп бағалайды. Ал режиссер – театрдың жүрегі. Театрға деген сүйіспеншілік халықтың сана деңгейінің көрсеткіші десек қате айтқанымыз емес.

А.МАРАТҚЫЗЫ



ФАРХАТ ҮШІН АДАМ ӨМІРІН ҚҰТҚАРУ МАҢЫЗДЫ

Өз өмірін қатерге, басын бәйгеге тігетін жауынгерлік қасиет өрт сөндірушілердің бойынан табылары сөзсіз. Қызыл жалынды қаперге алмай, өмір мен өлім арасында қызметін адал орындайтын мамандық иелері халықтың қаһарманына айналғаны анық.

Фархат Тәжиев – көзсіз ерлік жасаған бейбіт күннің батыры. Ол өрт сөндіру кезекші қызметінің жедел кезекшісі, азаматтық қорғау майоры. Кезекшілік уақытында тәуліктік ауысымға түсіп, өрт сөндіру бөлімдерінің дабыл бойынша шығыстарын байқап, басылық жасайды. Сондай-ақ өрт сөндірушілердің біліктілігін арттырып, жетекшілік етеді. Осындай бір кезекшілік уақытында, яғни быыл 12 қаңтар күні 21 сағат 40 минутта Қызылорда қаласы Тасбөгет бойынша екі қабатты көп пәтерлі тұрғын үйде өрт оқиғасы бойынша шақырту түседі. Барлау жұмыстарын жүргізу барысында подъезді қою қара түтін басқанын анықтаған. Өзі жетекшілік жасап, бір отбасының анасы мен екі сәбиін қызыл жалын арасынан алып шығып, тұрғындарды қауіпсіз жерге шығарды. Жедел әрі тиімді ұйымдастыру нәтижесінде орын алған өрт оқиғасының өзге аймаққа таралуына қол бермеген.

Өрт сөндірушілер – көзінде жалын, бойында қаны тулаған алаштын арқа сүйер азаматтары. Ел басына күн туғанда көмек қолын алғаш созатын батырлар. Халықтың қауіпсіздігі үшін от пен суды кешіп өтетін қайсарлық өрт сөндіруші-құтқарушыларға тән.

Фархат Миранбекұлы ауысым сайын түрлі өрт жағдайларында жетекшілік етеді. 31 тамыз күні Тасбөгет кенті Бозғұллов көшесі №5 мекенжайда орналасқан көпқабатты тұрғын үйдің терезесінен ашық жалын шығып, пәтерде балалар мен олардың анасы бар екені анықталған. Фархат батылдық көрсетіп, төрт адамды, яғни анасы мен 9, 4 және 3 жасар балаларды құтқарған. Өскекен ұрпаққа өрт сөндіруші Фархатты өнеге етіп, қандай марапатқа ұсынсақ та лайықты. Себебі ол – тәжірибелі маман.

Мақала жазуға арқау болған, адам өмірінің арашасы Фархат Миранбекұлы 1990 жылы 8 шілдеде Қызылорда қаласында өмірге келген. 2011-2015 жылдар аралығында Көкшетау техникалық институты, қазіргі М. Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясының түлегі. 2015 жылы еңбек жолын Байқоңыр қаласындағы №8 өрт сөндіру бөлімінде қарауыл бастағы лауазымынан бастаған. Кейін қызметте абыройы артып, №5 өрт сөндіру бөлімі басшысының орынбасары қызметін атқарған. Оның айтуынша, алғашқы қатысқан өрті кеше болғандықтан көз алдында. Себебі ол – бірінші әрі күрделі өрт еді. Байқоңыр қаласында орналасқан ауқымды, мыңдаған шаршы метрді қамтитын «Еуразия» сауда орталығында өрт шығып, отты тиімді өшіру және адам өмірін құтқару мақсатында көмекке барған.

– Өрт сөндірушілер – маңызды миссиясын орындаушылар. Күніне бірнеше өртке шақырту түседі. Адам өмірін және жануарларды құтқару, газ баллонын шығару, бағауы заттарды сақтап қалу секілді жағдайлар орын алып, күрделі өрттер де кездеседі.

Жаңа қызметіне тағайындалғанда мен қатысқан алғашқы өрт Ресей Федерациясында болды. Бұл менің бірінші тәжірибем еді. Кешкі сағат 19:00-де орын алған өрт ертесі сағат 10:00-ге дейін созылды. Ресей Федерациясына көмекке келіп, сауда орталығындағы адамдарды қауіпсіз жерге шығару жұмыстарын жүргіздік. Күн-түн демей екі елдің мамандары ат салысып, өртті ауыздықтады. Ол түн ең ұзақ түн десем де болады. Нағыз арпалыс еді, – дейді өрт сөндіруші.

Азаматтық қорғау саласының қызметкері, өз ісінің шебері Фархат Тәжиев отбасында екі ағайынды. «Баласы атқа шапса, анасы тақымын қысады» демекші, кезекшілікке түскен күні анасы тілеуін тілейді. Фархаттың отбасы да бұл саладан алыс емес. Әпкесі де, жан-жары да өрт сөндіру қызметінде радиотелефонист ретінде қызмет атқарады. Отбасында әрі қызметте табысқандар. Сонымен қатар екі бала тәрбиелеп отырған асқар тау әке болашақта балаларының таңдауы осы салаға түссе, қолдайтынның және жауапкершілігін түсіндіретінін айтты. «Себебі ел мүддесі үшін қызмет ету, адам өмірін құтқару – абыройлы міндет» дейді Фархат Миранбекұлы.

Қызыл жалынның беті қашан қайтатынын ешкім білмейді. Кейбір лаулаған отпен арпалыс бірталай сағатқа созылуы мүмкін. Осы уақытта шарпыған оттың арасында қалып қойған жандарды құтқару үшін өрт сөндірушілерге лаулаған жалынның ортасына кіруге тура келеді. Осындай абыройлы әрі арпалысқа толы мамандық иелері халықтың алғысын алып жүргені ақиқат.

Марина САҒИДАТБЕК

МАХАББАТ ЖАСҚА ҚАРАЙ МА?

Махаббат – адамзат тарихындағы тым терең һәм мәңгілік тақырыптардың бірі. Абайдың «Махаббатсыз – дүние бос, хайуанға оны қосыңдар» деуі тегін емес. Дегенмен байқасаңыз дәл осы тақырып айналасында «махаббат жасқа қарай ма?» деген сұрақ жиі талқыланады. Біреулер оны тек белгілі бір жас кезеңінде бастан кешетін сезім, сондай-ақ оның тұмыры үш-ақ жыл десе, енді біреулер мұны кез келген уақытта сезінуге болады және шынайы сезім мәңгілік деп есептейді. Бұл мақалада махаббат пен жас арасындағы байланыс туралы ой қозған көрейік.



келіспеу өз еркіңізде. Себебі адамдардың көзқарасы бірдей болуға міндетті емес. Дегенмен біз бір-бірімізді түсінуге міндеттіміз. Себебі сонымызбен де адамбыз.

Мемлекет және қоғам қайраткері Заманбек Нұрқаділов жұбайы, Қазақстанның халық әртісі Мақпал Жүнісөвадан 19 жас үлкен болғанын бірі білсе, бірі білмейді. Ал 82 жасында қайта шаңырақ көтерген Нұрғали Нүсіпжановтың жасы бүгінде 88-ге қараса, жары, белгілі журналист Жадыра Сейдештің жасы 42-де. Көптің сынына көбірек ұшыраған жұптардың бірі Ерке мен Раймның арасында 12 жас айырмашылық бары елге мәлім. Бүгінде сәбиін дүниеге әкеліп, сахнада жұбымен өнер көрсетіп жүрген өнерпаздарға көпшіліктің көзі үйрене бастаған сынайлы. Сондай-ақ актриса Жанель Макажан жолдасы Абай Асылханнан 8 жас үлкен екенін басылымдар жарыса жазған болатын.

Иә, әлеуметтік желіде күн суытпай күз болып жүрген жаналықтардың басым көпшілігі жұлдыздардың өміріне бағытталған. Дегенмен ұзақ уақыт әрі көп қарсылыққа ұшырайтыны екінші нұсқа, яки нәзік жандылардың жасы үлкендігі. Осындайда қоғам санасында қалыптасып қалған, қатқан қағида қайдан пайда болғанын ұқпай дәл болсаңыз.

Жас айырмашылығы бар жұптар әдетте әртүрлі пікірлерге тап болуы мүмкін. Кейбіреулер мұны түсіністіктен қабылдаса, енді біреулер сын айтады. Бірақ шынайы махаббат үшін ең бастысы – екі адамның өзара сыйластығы мен сезімдерінің беріктігі дегіміз келеді.

Ғалымдар махаббаттың жасқа тәуелділігіне қатысты әртүрлі зерттеулер жүргізіп, оның психологиялық, физиологиялық және әлеуметтік аспектілерін талдаған. Олардың пікірлері махаббаттың жасқа емес, көбінесе мидың жұмысына, гормондар мен әлеуметтік факторларға байланысты екенін көрсетеді.

Роберт Стернберг махаббатты үш компонентке бөліп, құштарлық, жақындық және міндеттеме деп қарастырады. Ол аталған компоненттер адамның жасына қарай әртүрлі деңгейде көрініс табуы мүмкін десе, америкалық психолог Эриксон психо-әлеуметтік даму теориясында адамның әр жас кезеңінде қарым-қатынасқа деген қажеттілігі өзгеріп отыратынын айқындаған.

Шындығында жас шамасы махаббаттың дамуына белгілі бір деңгейде әсер етуі мүмкін. Мәселен жасөспірімдік махаббат романтика мен арманға толы. Бұл кезеңде адамдар сезімге ерік беріп, көбірек қиялға жүгінеді. Ал ересектер махаббатты саналы түрде қабылдап, өзара қолдау мен тұрақтылықты іздейді. Адамдар бұл кезде серіктесіне деген жауапкершілік пен болашақ туралы көбірек ойланады. Елге жастағы махаббат көбінесе тыныштық пен өмірлік серіктестікке, достыққа негізделеді. Үш түрлі тараптың екеуін алып тоғыстырар болсақ үйлесім табуы қол ұстасқан жандардың өзіне байланысты деген тұжырымға келеміз.

Ғалымдар махаббаттың жасқа емес, адамның жеке тәжірибесі мен биологиялық процестеріне байланысты екенін растайды. Сондықтан махаббаттың кез келген жаста орын алуы қалыптасуы қажет. Ең бастысы – шынайы сезім мен өзара түсіністік.

Аружан ОРАЛБАЙ